# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 24 (1287)

19.06.2026

@ alatau.offset@mail.ru

alatau_gazeti

alatau_gazeti

23 МАУСЫМ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

# ҚЫЗМЕТ ЕТ ТЕ - МІНДЕТ ЕТ



*Тұрсынбай Ғабит*
*Жетісу облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі*

***Мемлекеттік қызмет орындарының жұмысына тәуелділігіміз күндегі өмірімізде кездесіп жататыны белгілі жағдай. Мемлекеттік органдардың елге көрсеткен қызметіне риза болғанда рахметімізді айтып кете барсақ, қызметіне риза болмай, кей жағдайларда түсініспестік туып жатса «шенеунікті» ренішпен сыбап кете барамыз. Кейде ол мемлекеттік қызметкердің үстінен арыз-шағым да жазып жібереміз, «жауапқа тартыңыз» деп. Мемлекеттік қызметкерді «шенеунік» деген сөзбен олардың қызметіне риза болмай қалған жағдайда айтатынымыз да рас. Дей тұрғанмен, елімізде 2014 жылдың 23 маусымынан бері мемлекеттік органдарда қызмет атқарушылардың кәсіби мерекесі аталып өтетінін оқырмандар есіне сала кетуді жөн көрдік. «Өйткені мемлекеттік қызмет – бұл жай ғана жұмыс емес, бұл – елдік мүддені бәрінен биік қоятын, жоғары жауапкершілік пен терең білімді талап ететін мәртебелі міндет», – дейді бізбен әңгімесінде Жетісу облыстық әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Ғабит Тұрсынбай. Уәкілдің жаңа заң талаптары мен әдеп кодексі туралы жаңалықтарында көңіл аударарлық ақпараттар бар екен.***

### ЖАҢА ЗАҢ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫЛАДЫ
### ЖАҢА ЗАҢДА ЖАҢА ТАЛАПТАР

Бұдан екі жыл бұрын, 2024-2029 жылдарға арналған Мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасы бекітілсе, биыл Мемлекет басшысы 2026 жылғы 19 мамырда қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұл заңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген мемлекеттік қызметті дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру көзделген. Заңда мемлекеттік қызметтің мақсаты мен оны өткеру негіздері, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге және олардың лауазымдық міндеттеріне қойылатын талаптар бекітілген.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңы кадрлық саясаттың жаңа стандартын қалыптастыруды көздейді. Талантты жас мамандарды көбірек тарту мақсатында заңда мемлекеттік қызметке кіруге даярлау институтын енгізу қарастырылған. Қажетті құзыреттерді қалыптастыру мен дамытуға бағытталған білім беру іс-шаралары кешенін қамтитын бұл бағытта жастарды мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарына дейін қамту көзелдген.

Заңдағы маңызды жаңашылдықтардың бірі – «е-қызмет» цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметке іріктеуді толық цифрлық форматқа көшіру. Осы тиімді әдіс арқылы кадрларды іріктеу және басқару толықтай цифрлық форматқа көшірілсе, бұл ашықтықты және үміткерлердің мемлекеттік қызметке барлық салалардан келуін қамтамасыз етеді.

Құқық бұзушылықтардың алдын алуға да ерекше мән берілген. Заңға сәйкес, мемлекеттік органдарда құқық бұзушылықтардың алдын алу және мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау мақсатында алдын алу қызметтері құрылуы тиіс. Оларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне тікелей бағынатын әдеп жөніндегі уәкілдер жетекшілік етеді.

### ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ТАЛАПТАРЫ ҚЫЗМЕТТЕ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДЕ САҚТАЛУЫ КЕРЕК

Мемлекеттік қызметі туралы жаңа Заң еңбек дауларын шешуде тәуелсіздік пен объективтілікті қамтамасыз етіп, мемлекеттік аппараттың ұйымдық мәдениетіне оң әсер




етеді деп ойлаймыз.

Мемлекеттік қызметшілерге қойылатын тағы бір маңызды талаптардың бірі – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің талаптарын сақтауы.

Аталған кодексте мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары белгіленген. Бұл талаптар қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметтің әдептілік қағидаттары: адал ниеттілік, адалдық, әділеттілік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлануға негізделген. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі сырт келбеті мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, ресмиликпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпыға бірдей қабылданған іскерлік стиліне сай болуға тиіс.

Сонымен бірге, Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы стандарттары да белгіленген. Жұмыстан тыс уақытта мемлекеттік қызметші жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер де жұмыстан тыс уақытта көңіл көтеруге, демалыс орындарына баруға, белгілі бір хоббиімен айналысуға құқылы. Алайда, қандай жағдайда болмасын, мемлекеттік қызметші өзінің жауапкершілігін, мәртебесін сезіне отырып, барлық іс-әрекеттерін әдеп нормаларының шеңберінде жүзеге асыруы тиіс. Олай болмаған жағдайда, мемлекеттік қызметшінің қызметтен тыс уақыттағы жасаған құқықбұзушылықтары тәртіптік жазаға тартуға негіз болуы мүмкін.

***Әрбір мемлекеттік қызметші ең әуелі осы қоғамның мүшесі, Конституциямен, басқа да заңдармен көзделген құқықтары мен міндеттерге ие мемлекетіміздің азаматы.***

***Барлық әріптестерімізді 23 маусымдағы кәсіби мерекеміз – Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!***

***Мемлекеттік аппараттың ашықтығын қамтамасыз ету, халыққа сапалы қызмет көрсету және ел сенімін ақтау – басты міндет. Осы жауапты жолда аянбай тер төгіп, мемлекетіміздің дамуына үлес қосып жүрген барша мемлекеттік қызметшілерге алғыс білдіреміз.***

***Әрбір мемлекеттік қызметшінің атқарған адал істері еліміздің игілігін арттырып, мемлекеттік қызметтің абыройын асқақтата берсін!***


## БАСПАСӨЗ - 2026

| *Жазылу бағасы:* | *Цена подписки:* |
| --- | --- |
| **редакция арқылы** | **через редакцию** |
| **6 айға – 2 106 теңге.** | **на 6 месяцев – 2 106 тенге.** |
| **«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға** | **через «Казпочту» для физических лиц** |
| **6 айға – 3 275,48 теңге.** | **на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.** |
| **«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға** | **через «Казпочту» для юридических лиц** |
| **6 айға – 4 462,64 теңге.** | **на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.** |




Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534

# ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

### АЛАЯҚТЫҚ БОЛУЫ МҮМКІН

Қазақстанда интернет-алаяқтықтың жаңа түрі тіркеліп, құқық қорғау органдары азаматтарды сақ болуға шақырды. Алаяқтар әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жоғары лауазымды тұлғалардың аты-жөні мен фотосын пайдаланып, жалған аккаунттар ашады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мәліметінше, мұндай схемада қаскөйлер өздерін басшы, әріптес немесе таныс ретінде таныстырып, шұғыл түрде ақша аударуды сұрайды. Бұл әдіс адамның сеніміне кіріп, оны асығыс шешім қабылдауға итермелеуге бағытталған.

Ведомство азаматтарға белгісіз нөмірлерден немесе күмәнді аккаунттардан келген ақша сұрау хабарламаларын міндетті түрде тексеріп, расталған байланыс арқылы қайта хабарласуды ұсынады. Сондай-ақ SMS-кодтар, банк деректері мен жеке мәліметтерді ешкімге бермеу, күмәнді сілтемелерді ашпау және белгісіз қосымшаларды орнатпау ескертіледі. Құқық қорғау органдары мұндай жағдайларда әңгімені тоқтатып, қажет болған жағдайда полицияға жүгінуге кеңес береді.

### АЛАКӨЛДЕ ДЕМАЛУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ КҮШЕЙТІЛДІ

Алакөл жағалауында шомылу маусымында демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді шаралар қолға алынды. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Алакөл ауданына сапары барысында айтылды.

Жағалауда тәулік бойы кезекшілікке 14 құтқарушы мен 11 моторлы қайық тартылған. Қоғамдық тәртіпті сақтау үшін 50 полиция қызметкері жұмылдырылып, 16 автокөлік пен 5 дрон пайдаланылуда. Сонымен қатар қауіпсіздік инфрақұрылымы да күшейтілген: 40 құтқару мұнарасы орнатылып, 13 шақырым буйк желісі тартылған. Жағалауда 39 бейнебақылау камерасы жұмыс істеп, 7 пирс демалушыларға қызмет көрсетуде. Демалушыларға жедел медициналық көмек көрсету үшін Ақши ауылында 4 дәрігер мен 2 орта буын маман, ал Көктұма ауылында 6 медицина қызметкері жұмыс істейді. Жедел жәрдем мен санитарлық көлік тәулік бойы кезекшілікте тұр.

Облыс әкімі Ақши ауылындағы жедел құтқару жасағының жұмысымен танысып, Жедел басқару орталығы арқылы бейнебақылау жүйесінің қалай жұмыс істейтінін көрді.

### БАЛҚАШ ЖАҒАЛАУЫНДА ТУРИЗМ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖАҢАРТЫЛУДА

Жетісу облысында Балқаш көлі жағалауындағы туризмді дамыту бағытында ауылдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бұл туралы Сарқан ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Бейбіт Исабаев мәлім етті.

Сапар барысында Лепсі ауылында салынып жатқан жаңа теміржол вокзалының құрылысы тексерілді. Аумағы 617 шаршы метр болатын заманауи ғимарат тамыз айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 45%-ы аяқталған. Сонымен қатар полиция пункті толық жөндеуден өтіп, туристік маусымда құқық қорғау қызметкерлерінің саны 5-тен 25-ке дейін ұлғайтылмақ. Судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 12 құтқарушы тәулік бойы кезекшілік етеді. Аймақтағы 30 орындық аурухананың күрделі жөндеуі де жүргізілуде. Жыл соңына дейін аяқталатын нысанға маусым кезінде қосымша дәрігерлер тарту жоспарланған.

### АВТОБУС ТУРЛАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУДА

Жазғы демалыс маусымында Алакөл жағалауына қатынайтын автобус турлары жолаушылар үшін ыңғайлы бағыт ретінде ұсынылуда. Туристер Алматы және Талдықорған қалаларынан курорттық аймаққа арнайы рейстер арқылы жете алады. Маршруттар, билет құны және брондау туралы толық ақпаратты автовокзалдар арқылы білуге болады. Алматы қаласындағы Сайран автовокзалы және Талдықорған автовокзалының байланыс орталықтары жолаушыларға қызмет көрсетуде.

Сонымен қатар, автобус турларын бірқатар туристік агенттіктер ұйымдастыруда. Атап айтқанда, Grande Voyage, Algri Travel және Aquarida Tour компаниялары демалушыларға арнайы бағыттар ұсынып отыр. Алакөл курорттық аймағына жолаушылар тасымалы қызметін «Үшарал ПАТП» ЖШС жүзеге асырады.

### 400-ДЕН АСТАМ ДЕСАНТШЫ АЛҒАШ РЕТ ПАРАШЮТПЕН СЕКІРДІ

Талдықорған гарнизонында 37-десанттық-шабуылдау бригадасының 400-ден астам әскери қызметшісі алғаш рет парашютпен секіру жаттығуын орындады. Бұл әуе-десанттық даярлықтағы маңызды кезең әрі жас сарбаздар үшін үлкен сынақ болды.

Секірулер 800 метр биіктіктен, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтай отырып және тәжірибелі нұсқаушылардың бақылауымен жүзеге асырылды. 18404 әскери бөлімінің командирінің әуе-десанты даярлығы жөніндегі орынбасары подполковник Бекдәулет Оспановтың айтуынша, сарбаздар алдымен толық жерүсті даярлық курсынан өткен. Олар парашют жүйесінің құрылысын меңгеріп, әуедегі және жердегі іс-қимыл тәртібін үйренген. Мамандардың айтуынша, тек толық дайындықтан өткен әскери қызметшілер ғана секіруге жіберілген. Қарқынды оқу-жаттығу шамамен 6 айға созылған.

### БЕС ЖЫЛДАН БЕРІ БІРДЕ-БІР ҚЫЛМЫС ТІРКЕЛМЕГЕН

Жетісу облысы Ескелді ауданындағы Жаңалық ауылында соңғы бес жылда бірде-бір қылмыс тіркелмеді. Шамамен 500 тұрғыны бар ауыл тұрғындары бес жыл бұрын алкоголь өнімдерін сатудан және тұтынудан бас тартқан. Полицияның мәліметінше, бұл бастама қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға оң әсер еткен. Бүгінде Жаңалық ауылы өңірдегі алкогольден толықтай бас тартқан 30 елді мекеннің қатарына кіреді. Сонымен қатар, учаскелік полиция инспекторы тұрғындармен тұрақты профилактикалық жұмыстар жүргізіп келеді.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# «МЕРЕКЕЛІК» САЯЖАЙЫНА ГАЗ ТАРТЫЛАДЫ



***Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Мерекелік» саяжайының тұрғындарымен кездесіп, елді мекеннің өзекті мәселелерін талқылады. Жиында тұрғындар негізінен табиғи газ тарту, жол сапасы және көше жарығын күшейту жайын көтерді.***

Кездесу барысында қала әкімі саяжайда газдандыру жұмыстары басталғанын айтып, алдағы жылы тұрғындар көгілдір отынды пайдалана бастайтынын жеткізді. Оның айтуынша, инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп, жолдарды жөндеу де жоспарға сай жалғасады.

Жобаны Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы жүзеге асырып отыр. Бүгінде аталған жоба аясында саяжай аумағына 30 шақырымнан астам газ құбыры тарту жұмыстары қолға алынған

Айта кетейік, бұған дейін «Мерекелік» саяжайында 7,5 шақырым көше жарықтандырылып, түнгі шамдар орнатылған еді. Бұл қауіпсіздік пен жайлылықты арттыруға ықпал еткен.

Жалпы, кездесу барысында көтерілген мәселелер тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған нақты жұмыстар жалғасатыны айтылды.

# ТАЛДЫҚОРҒАНДА ҰБТ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ 136 БАЛЛ

***Күні кеше Талдықорған қаласында мектеп түлектеріне арналған бітіру кеші өтіп, 27 жалпы орта білім беретін мектеп пен 1 кешкі (ауысымды) мектептің 1756 түлегі орта білім туралы аттестаттарын қолдарына алды. Олардың ішінде 75 оқушы «Алтын белгі» иегері, 102 оқушы үздік аттестат иегері атанды.***



ҰБТ нәтижелері бойынша қала мектептерінің үздік түлектері де белгілі болды. «Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы» КММ-нің 11-сынып оқушысы Ғабиденқызы Айзере 136 балл жинап, «Алтын белгі» иегері атанды.

Сондай-ақ «Барлыбек Сырттанұлы атындағы №25 орта мектеп» КММ түлегі Нуржанова Анель 135 балл жинап, жоғары нәтиже көрсетті. Ал «М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы» КММ оқушысы Әмірхан Кәусар Мұхтарқызы 133 балл жинап, үздік аттестат иегері атанды.

Жалпы, биылғы түлектердің білім сапасы жоғары деңгейде болып, бірқатар оқушылар қала бойынша үздік нәтижелермен көзге түсті дейді, қалалық білім бөлімі мамандары.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**



# ОҚЫ, ОҚЫ ЖӘНЕ ОҚЫ

***Жетісу облысындағы С. Сейфуллин атындағы орталық кітапханасында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен бірлесіп «Парасат жолы: адалдық және әділет» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.***

Көрме «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында өтіп, қатысушылардың құқықтық мәдениетін арттыруға және қоғамдағы адалдық пен әділет қағидаттарын нығайтуға бағытталды.

Алматы және Жетісу облыстарының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының 1-полиция батальонының командирінің орынбасары, полиция капитаны Бақытжан Тұрысбеков:

*– Бүгін «Парасат жолы: адалдық және әділет» атты кітап көрмесіне қатыстық. Көрме өте мазмұнды әрі тағылымды ұйымдастырылған. Мұнда ұсынылған құқықтық және рухани бағыттағы әдебиеттер адалдық, әділеттілік, жауапкершілік секілді құндылықтардың қоғамдағы маңызын терең түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе заң үстемдігі мен құқықтық мәдениетке арналған кітаптар біздің қызметімізбен де үндеседі. Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыруға және жастардың рухани дамуына оң әсер етеді деп есептеймін*, – деген оң пікірін де айтты.

Көрме үш бөлімнен тұрды: заң үстемдігі, адалдық пен руханият тақырыптарына арналған көркем және құқықтық әдебиеттер, сондай-ақ мерзімді басылымдар ұсынылды.

**Гүлнұр БАЙМҰХАН**

## АҚСУ АУДАНЫ

# «INVEST CARAVAN» АЯСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

***Ақсу ауданында прокуратураның ұйымдастыруымен «INVEST CARAVAN» акциясы шеңберінде аудан аумағында инвестициялық жобаларды жүзеге асырып жатқан және жаңа бастамаларды қолға алуға ниетті инвесторлармен кездесу өтті.***



Іс-шараға аудан прокуроры Дастан Тұрсынов, жергілікті атқарушы органдар мен уәкілетті мекемелердің өкілдері, сондай-ақ кәсіпкерлер қатысты. Кездесу барысында қатысушылар аудан аумағындағы өндірістік нысандарды аралап, жобалардың іске асырылу барысымен танысты.

Жиында инвесторлар көтерген негізгі мәселелер – инфрақұрылымға қолжетімділік, әкімшілік кедергілерді азайту, мемлекеттік қолдау шаралары және инвесторлардың құқықтарын қорғау болды. Сонымен қатар жобаларды жүзеге асыру кезінде туындайтын түйткілдер жан-жақты талқыланды.

Бүгінде ауданда ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу өнеркәсібі, тау-кен саласы және су үнемдеу технологияларын енгізу бағытындағы жобалар іске асырылып жатыр. Алдағы кезеңде жаңа инвестициялық бастамаларды қолдау және өндіріс көлемін арттыру көзделіп отыр.

Кездесу барысында аудан аумағындағы инвестициялық ахуалды жақсарту және жобалардың тиімді жүзеге асуын қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

# ТОКАЕВ ПОДПИСАЛ ЗАКОНЫ ПО ВОПРОСАМ ОБРАЗОВАНИЯ И СТАТУСА ПЕДАГОГА

***Касым-Жомарт Токаев подписал два Закона по вопросам статуса педагога, передает Kazinform со ссылкой на Акорду.***




Токаев подписал Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам статуса педагога, образования, здравоохранения и защиты прав ребенка». Также Главой государства подписан Закон Республики Казахстан «О внесении изменений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам статуса педагога». Основные положения законов предусматривают защиту прав педагогов, а также некоторые вопросы в сфере образования и здравоохранения.

# ПРЕЗИДЕНТ ПРОИЗВЕЛ МАСШТАБНЫЕ КАДРОВЫЕ ПЕРЕСТАНОВКИ В СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ КАЗАХСТАНА

***Президент Казахстана подписал указ о масштабных кадровых изменениях в судебной системе страны, передает корреспондент агентства Kazinform.***







Назначены новые председатели, судьи и руководители судов в городах республиканского значения, областях и районах, включая специализированные, административные, экономические и следственные суды. По области Жетісу председателями назначены:

Досанов Абдулла Манапович (Аксуский районный суд);

Асубаева Эльмира Омаровна (Алакольский районный суд);

Ыкласкожин Еркебулан Серикказыевич (Панфиловский районный суд).



# В КАЗАХСТАНЕ ПОЯВИЛАСЬ ЦИФРОВАЯ ВАЛЮТА

**В Казахстане утвердили нормативно-правовую базу для третьей национальной валюты и подготовили план её дальнейшего внедрения. Об этом сообщил вице-министр финансов Асет Турысов, передаёт корреспондент Tengrinews.kz.**

Третьей национальной валютой Турысов назвал цифровой тенге. Он будет использоваться наряду с наличными и безналичными расчётами (соответственно: первая и вторая валюты - прим.). Как отметил Турысов, пилотные проекты показали хорошие результаты. В связи с этим Национальный банк и правительство утвердили план дальнейшего тиражирования цифрового тенге. Внедрять его планируют поэтапно – в первую очередь в проектах, которые заявят администраторы бюджетных программ, а также в проектах, определённых правительством.

# КАЗАХСТАНСКИХ ЗАСТРОЙЩИКОВ ВНЕСУТ В ЧЕРНЫЙ СПИСОК

***С 1 июля 2026 года в Казахстане начнет действовать реестр недобросовестных застройщиков. Новая система призвана повысить прозрачность рынка жилья и защитить права участников долевого строительства, сообщает Exclusive.kz.***



Ведение реестра возложено на местные исполнительные органы. Информация будет формироваться и храниться в электронном формате через Единую цифровую систему долевого участия в жилищном строительстве. Власти рассчитывают, что создание единой базы станет дополнительным инструментом контроля за соблюдением законодательства в сфере долевого строительства и поможет повысить ответственность участников рынка недвижимости.

# СТАРТОВАЛ КОНКУРС ДЛЯ ПИСАТЕЛЕЙ



***Писатели из области Жетісу могут побороться за денежные призы до 100 тысяч долларов на республиканском конкурсе «Қала хикаялары», сообщает корреспондент tinfo.kz, со ссылкой на vestnik19.kz.***

Писатели из области Жетісу могут побороться за денежные призы до 100 тысяч долларов. В Казахстане стартовал республиканский литературный конкурс «Қала хикаялары», посвященный городской прозе, сообщили в Министерстве культуры и информации РК.

Конкурс принимает ранее не публиковавшиеся романы объемом от 400 тысяч печатных знаков. Главные темы произведений – урбанизация, социальные изменения и личные истории жителей современных казахстанских городов. Помимо главного приза в $100 тысяч, предусмотрены денежные награды в $75, $50 и $30 тысяч за призовые места. Произведения лауреатов опубликуют общим тиражом в 15 тысяч экземпляров. Подать заявки можно с сентября по декабрь 2026 года.

# КОРОТКО ОБО ВСЕМ

### ОСУЖДЕНЫ ЗА ПОПЫТКУ ВЫВОЗА УРАНА ИЗ КАЗАХСТАНА В КИТАЙ

Шестерых человек осудили в области Жетісу за попытку вывоза урана из Казахстана в Китай. Они получили различные сроки лишения свободы, передает NUR.KZ.

Согласно данным органов досудебного расследования, подсудимым предъявлено обвинение в незаконном обращении с ядерными материалами и попытке контрабандного вывоза уранового концентрата из Казахстана в Китай. Суд признал троих подсудимых виновными и назначил каждому наказание в виде 7 лет и 6 месяцев лишения свободы, еще двое получили по 2 года и 6 месяцев лишения свободы, один – 4 года и 6 месяцев лишения свободы. Всем осужденным определено отбывание наказания в исправительном учреждении средней безопасности.Приговор не вступил в законную силу.

### 60 ИНОСТРАНЦЕВ ВЫДВОРЯТ ИЗ ЖЕТЫСУСКОЙ ОБЛАСТИ

В Жетысуской области продолжается республиканское оперативно-профилактическое мероприятие «Нелегал-2026». За время его проведения полицейские выявили 326 нарушений миграционного законодательства, передает kazlenta.kz.

Как сообщили в полиции, большинство нарушений связано с несоблюдением иностранными гражданами правил пребывания на территории Казахстана. К административной ответственности привлечены 228 иностранцев. Кроме того, 78 граждан Казахстана наказаны за нарушение порядка приема и пребывания иностранных граждан и лиц без гражданства.

Еще 20 человек привлечены к ответственности за нарушение правил привлечения и использования иностранной рабочей силы. По решениям суда организовано выдворение за пределы страны 60 иностранных граждан.

### В ЖЕТІСУ УТЕЧКИ ГАЗА БУДЕТ ИСКАТЬ СПЕЦИАЛЬНАЯ МОБИЛЬНАЯ АВТОЛАБОРАТОРИЯ

В области Жетісу усиливают контроль за безопасностью газовых сетей, используя мобильные диагностические комплексы. Данное современное оборудование позволяет выявлять утечки газа на подземных и надземных газопроводах, в распределительных сетях и жилых массивах без проведения земляных работ, – сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Как отмечают в областном управлении энергетики и жилищно-коммунального хозяйства, подобные диагностические комплексы используются лишь в нескольких регионах страны. Их применение позволяет своевременно выявлять возможные неисправности и предотвращать аварийные ситуации, способствуя при этом повышению надежности газовой инфраструктуры. Это инновационное оборудование приобретено при поддержке акимата области. Прибор точно определяет состав газа и способен различать метан, этан и пропан. К слову, уровень газификации в регионе достиг 67% или 467 тыс. человек.

### КАЗАХСТАН ЗАЙМЕТ $1 МЛРД. НА ПОКРЫТИЕ ДЕФИЦИТА БЮДЖЕТА

Правительство Казахстана планирует привлечь около 1 млрд. долларов за счет займов международных финансовых институтов для финансирования дефицита республиканского бюджета и поддержания устойчивости экономики. Соответствующие соглашения рассматриваются в Мажилисе, сообщает Exclusive.kz.

Согласно представленным документам, Казахстан намерен получить заем от Международный банк реконструкции и развития на сумму 92,3 млрд. японских йен, что эквивалентно примерно 600 млн. долларов. Срок погашения займа составит 11 лет. При этом первые пять лет предусмотрен льготный период, в течение которого основная сумма долга не погашается. Кроме того, правительство планирует привлечь еще 400 млн. долларов у Азиатский банк инфраструктурных инвестиций. Сообщается, что ставка по этому займу составит 1,2% годовых.

Обслуживание и погашение займов будет осуществляться Министерством финансов за счет средств республиканского бюджета.

### МИНОБОРОНЫ КАЗАХСТАНА ОБЪЯСНЯЕТ

Заместитель министра обороны Аскар Мустабеков в кулуарах Мажилиса 17 июня 2026 года пояснил логику призыва в армию тех, кто в университете прошел военную кафедру, – передает корреспондент Zakon.kz.

Вопрос подняли журналисты. Они поинтересовались, связано ли это с дефицитом профессиональных военных. «Нет, кадровые военные не закончились. В настоящее время их призывают для того, чтобы создать кадровый резерв – мобилизационный резерв Вооруженных сил. Их призывают на два года – на 24 месяца», – пояснил Аскар Мустабеков.

### СПАСЛИ ОТДЫХАЮЩИХ НА АЛАКОЛЕ

В департаменте полиции области Жетысу состоялась церемония награждения сотрудника полиции Жаксылыка Сарсенова и жителя села Коктума Жандоса Сакаева, которые спасли отдыхающих на озере Алаколь во время непогоды, – передает kazlenta.kz.

Инцидент произошел на побережье озера в период резкого ухудшения погодных условий. Сильный ветер и высокие волны создали угрозу для туристов, находившихся на воде. Полицейский Жаксылык Сарсенов, несший службу в туристической зоне, заметил людей на сапбордах, которых волнами унесло далеко от берега. Не теряя времени, он вместе с местным жителем Жандосом Сакаевым отправился на помощь отдыхающим.

Благодаря их оперативным и решительным действиям туристов удалось своевременно эвакуировать и избежать возможной трагедии.

**(Все материалы взяты из открытых источников)**

# ПОЛИЦИЯ ҚОРҒАНЫҢ

**Сембек ӘБДІ-РАХМАН**
**«Алатау»**

***23 маусым – Қазақстан Республикасының полиция күні. 1992 жылы дәл осы күні Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы заң қабылданды. Ал бұл күн 2007 жылы ресми түрде кәсіби мереке ретінде бекітіліп, содан бері жыл сайын аталып өтіп келеді. Бұл мереке еліміздегі қоғамдық тәртіпті, азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін қызмет барысында қорғап жүрген барлық құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құрметіне арналған.***



**Полиция полковнигі Раймбеков Ерлан Қабдоллаұлы**

Мереке қарсаңында «ІІДКҚКБ» (Жетісу облысы Полиция департаменті көші-қон қызметі Басқармасы) бастығы полиция полковнигі Раймбеков Ерлан Қабдоллаұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.

**– Ерлан Қабдоллаұлы, өзіңіз туралы, қызметіңіз жайында білсек деп едік...**

*– Мен 1976 жылы Семей қаласында дүниеге келдім. 1993 жылы Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылындағы орта мектепті оқып бітіріп, 1994 жылы Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-ға оқуға түсіп, Философия және саясаттану факультетінің күндізгі бөлімін бітірдім. Еңбек жолымды Алматы педагогикалық колледжінен бастап, одан кейін Алматы заң колледжінде қызмет атқарып, Алматы қаласы ІІД Баспасөз қызметі басқармасында аға инспектор қызметіне ауыстым. Жанұялық жағдайға байланысты Алматы облысы ІІД ҚКҚБ-на ауысып, күні бүгінге дейін 20 жыл бойы осы жерде әртүрлі орта және жоғары басшы құрамда қызмет атқарып келемін. Қазір осы басқарманы басқарып отырмын.*

*Бұрынырақ заңсыз көші-қонға қарсы «Арнайы жекелеген взвод» деген болды. Взводтағы адам саны* **–** *47 адам, сол бөлімде инспектор, взвод командирі қызметін атқардым. Содан кейін азаматтық және иммиграция бөлімде инспектор және сол бөлімді басқардым.*

**– Көші-қон жұмысындағы заң талаптары қалай қадағаланады?**

*– Көші-қон желісі бойынша заң талаптарына сәйкес қызметтердің 17 түрі бойынша қадағалау жүргіземіз...*

*Құжаттандыру бағытында – 5 түрлі;*

*Азаматтық және иммиграция: 6 түрлі;*

*Сыртқы көші-қон: 6 түрлі.*

*- ҚР азаматтарына паспорттар және жеке куәліктер беруҚР азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу т.б.*

*- ҚР-да тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты жері бойынша* ***тұрақты*** *тіркеу.*

*- ҚР-да тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты жері бойынша* ***уақытша*** *тіркеу.*

*- Босқын мәртебесін алған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты жері бойынша* ***уақытша*** *тіркеу.*

*- Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ҚР-да* ***тұрақты тұруға*** *рұқсат беру.*

*- ҚР азаматтығы жоқ тұрақты тұратын адамдарға* ***куәліктер*** *беру.*

*- ҚР-да тұрақты тұратын шетелдіктерге* ***тұруға*** *рұқсат беру.*

**– Сыртқы көші-қон бағытында қандай жұмыстар атқарылады?**

*– ҚР-да уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзеу.*

*- Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға ҚР-нан кету және ҚР-на кіру құқығына визалар беру, қалпына келтіру немесе ҚР-ның аумағында ұзарту.*




*- ҚР визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу.*

*- Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ҚР-да тұрақты тұруға рұқсат беру.*

*- ҚР-нан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге құжаттарды рәсімдеу.*

*- Жол жүру құжатын беру.*

**– Біздің өңірге, байқауымызша, жұмысшы мигранттар көп келеді...**

*– Иә, байқауыңыз орынды. Бізге көбірек келетіндер Өзбекстан азаматтары. Олар көбінесе жұмыс істеу үшін, дәлірек айтқанда, құрылыс жұмыстарына келеді. Кез келген шетелдік азамат шекарадан қабылданғаннан кейін бізге хабарлама беруі керек. Егер 3 күннің ішінде шекара қызметкерлері хабарлама бермесе қабылдаушы жауапқа тартылады.*

*Біздің елде туризмді дамыту мақсатында «Тіркеу» алынып қойылған. Есесіне қашан шекарадан өтіп қабылданғаны туралы мәлімет беру қатаң талап етіледі. Қысқасы шекарадан өткен азаматтар және олардың біздің елде болу уақытының аяқталып қайта өз еліне кетуін қатаң бақылап, қадағалау біздің қызметке жүктелген.*

**– Қытай Халық Республикасынан соңғы жылдары визасыз өту орын алуда. Ел арасында «Қытай азаматтары көптеп өтіп жатыр, олар біржолата біздің елде қалып қояды-ау» деген күмән бар екенін жасырмай айтып жүр. Бұл туралы не дейсіз?**

*– Иә, ондай әңгіме ел арасында бар шығар, бірақ елдің бәрі бірдей біздегі тәртіп-ережелерді біле бермейді. Шет ел азаматтары шекарадан өткеннен кейін бізге шекарадағы қабылдаушы хабарлама береді. Содан бастап 30 күн жүре алады. 30 күн өткеннен соң біз ол азаматтарды еліне қайтарамыз. Содан кейін ол шетел азаматы араға бірнеше күн салып қайтадан біздің елге келе алады, тағы да 30 күн жүре алады.Сол сияқты үшінші рет келе алады. Төртінші рет келу үшін араға 90 күн салып барып жаңағы үрдіс қайталанады. Егер шет ел азаматы осында жүріп тәртіп бұзған жағдайда ол қайта өту құқығынан айырылады.*

*Тура осындай тәртіп Қазақстан азаматтарының да басқа елге барып қайтуына болады. Одан басқа біздің елге инвестиция әкелу мақсатында: мәселен, завод орнатып кету мақсатында келетіндерге «В-2» деген виза беріледі. Егер сол сияқты бір кәсіпорынды тұрғызып оны әрі қарай істетіп өз шығындарын ақтап алғаннан кейін, ол кәсіпорын түбегейлі біздің елде қалады да өздері еліне қайтарылады. Бұндай шетелдіктерге «С-3» деген виза беріледі.*

*Бірақ Қытай Халық Республикасынан бізге, көбінесе, өзіміздің «қандастар» келіп жатыр. Бұрынырақ оларға белгілі уақытқа «Ықтиятхат» берілетін. Қазір қандастарға жеңілдік жасап «Ықтиятхатсыз» тіркеп Қазақстан азаматтығын бердуеміз. Бірақ бәрі төмендегідей тәртіптік жүйе бойынша орындалады. Дегенмен қандастарға жеңілдік бар. Егер шет ел азаматы 5-10 жыл тұрып, осында біржолата қаламын десе, өз елдерінің президентіне сұраныс хат жолдайды. Президент рұқсат еткен жағдайда ғана біздің елде қала алады. Осы мәселелер туралы тағы да қосымша қаралып жатқан жағдайлар бар. Оны алдағы уақытта қосымша хабарлаймыз.*

**– Ерлан Қабдоллаұлы, полиция қызметінде еңбек етіп жүрген әйеліңіз Гаухар Тұрлыбекқызы екеуіңіз осыншама жауапты істерді атқара жүріп 5 бала тәрбиелеп өсіріп, көпбалалы отбасы мәртебесіне ие болып, ел демографиясына да үлестеріңізді қосып келесіздер. 23 маусым кәсіби мерекемен қатар 24 маусым ердің жасы 50-ге толғалы отыр екенсіз. Келе жатқан қос мереке құтты болсын! Егемендi еліміздің тыныштығын сақтау барысындағы әрбір ісіңіз нәтижелі табысты болсын!**

## САЛЫҚ

# ЭСФ-НЫ УАҚЫТЫЛЫ ЖАЗЫП ҮЛГЕРМЕДІҢІЗ БЕ? 2026 ЖЫЛЫ БИЗНЕСІҢІЗ ҚАНДАЙ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАП БОЛАДЫ

***ЭЛЕКТРОНДЫҚ ШОТ-ФАКТУРАЛАРДЫ (ЭСФ) УАҚЫТЫЛЫ ЖАЗЫП БЕРУ – БҰЛ ЖАЙ ҒАНА РЕСМИЛІК ЕМЕС, БҰЛ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ПРОЦЕСС. 2026 ЖЫЛҒЫ САЛЫҚ КОДЕКСІ ОЛАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН НАҚТЫ МЕРЗІМДЕР МЕН ҚАТАҢ САЛДАРЛАРДЫ БЕЛГІЛЕЙДІ.***

Бұғаттаулар мен айыппұлдарды болдырмауға көмектесетін негізгі ережелер:

ЭСФ жазып берудің негізгі мерзімдері

1. Жалпы мерзім: өткізу айналымы жасалған күннен ерте емес және осы күннен кейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей.

2. Ай қорытындысы бойынша мерзім (келесі айдың 20-сына дейін): коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері, экспедиторлық қызметтер, банктік операциялар, сондай-ақ электр энергиясын, суды және газды өткізу кезінде қолданылады.

3. Тауарлар экспорты: айналым жасалған күннен кейін 20 күнтізбелік күннен кешіктірмей.

4. Сатып алушының талабы бойынша: егер жазып беру міндетті болмаса, бірақ сатып алушы шот-фактураны талап етсе, сізде айналым күнінен кейін 30 күнтізбелік күн бар.

Кешіктірілген жағдайда не болады?

Салық органдары сіздің ЭСФ деректеріңізді салық есептілігімен және жеткізушілеріңіздің деректерімен салыстыра отырып, салыстырмалы бақылау жүргізеді.

Негізгі тәуекелдер:

• ЭСФ жазып беруді тоқтата тұру: Егер сіз алшақтықтарды жою туралы хабарламаны орындамасаңыз немесе орналасқан жеріңізді растамасаңыз, салық органы бір жұмыс күні ішінде ИС ЭСФ жүйесіне кіруіңізді бұғаттай алады.




• Тәуекелді салық төлеушілер тізімі: ЭСФ жазып беруі тоқтатылғандар туралы мәліметтер уәкілетті органның интернет-ресурсында ашық жарияланады. Бұл репутацияға соққы **–** контрагенттер сізбен жұмыс істеуден қорқады, себебі олар ҚҚС-ты есепке жатқыза алмайды.

• Сатып алушының есепке алуын болдырмау: егер сіз ЭСФ-ны талаптарды бұза отырып жазсаңыз (мысалы, ЖСН/БСН қате көрсетілсе немесе ЭЦП-мен расталмаса), сатып алушыңыз ҚҚС-ты есепке жатқыза алмайды.

Пайдалы кеңестер:

Хабарламаларды тексеріңіз: Егер салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша алшақтықтар туралы хабарлама жіберсе, жауап беруге 30 жұмыс күніңіз бар, әйтпесе ЭСФ жазып беру тоқтатылады.

ЭЦП-ны қадағалаңыз: электрондық нысандағы шот-фактура тек ЭЦП болған жағдайда ғана жарамды деп танылады.

***Жетісу облысы бойынша***
**Мемлекеттік кірістер департаменті**

# ТҮЛЕКТЕР МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІН ДҮРКІРЕТІП ӨТКІЗЕ МЕ?

***Мектеп бітіру кештерін өткізу тәртібіне қатысты жаңа талаптар ел ішінде пікірталас туғызып отыр. Ресми орындарда ғана өткізу ұсынысы қауіпсіздікпен түсіндірілсе, қоғамда бұл шешім дәстүр мен еркіндік мәселесін қайта көтерді. Толығырақ бұл тақырыпты мақалада тарқатамыз.***




«11-сынып түлектеріне аттестаттарды салтанатты табыстау рәсімі 17-18 маусым күндеріне жоспарланған. Іс-шаралар тек білім беру ұйымдарының базасында өткізілуі тиіс. Мейрамхана, кафелерде, банкет залдарында және табиғат аясында мектеп бітіру кештерін ұйымдастыруға, сондай-ақ ата-аналардан заңсыз қаражат жинауға тыйым салынды», – деп мәлімдеген болатын оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова.

Оқу-ағарту министрлігі әкімдіктер мен тәртіп сақшылары тарапына осы жағдайды назарда ұстауды тапсырған. Дегенмен, бұл мәселеде бақылау тетіктері мен жауапкершілікке қатысты әртүрлі пікір қалыптасуда. Бұл мәселемен ІІМ жұмыс істейтіні анық сияқты, алайда ІІМ вице-министрі Санжар Адилов мейрамхана және тағы басқа жерлерде мектеп бітіру кешін тойлауға түлектерге тыйым салуға немесе айыппұл салуға полиция қызметкерлерінің өкілеттілігі жоқ екенін, полиция қызметкерлері күнделікті рейд пен тексеру жұмыстарын жүргізбейтінін, тек заң немесе құқықбұзушылық фактілері тіркелген жағдайда ғана жұмыс істейтінін хабарлады.

Сонымен қатар ҚР ІІМ мектеп бітіру кештерін мейрамхана, кафе, банкет залдары мен табиғат аясында өткізген жағдайда туындайтын жауапкершілік ата-аналарға, заңды өкілдерге және іс-шараны ұйымдастырушыларға жүктелетінін мәлімдеді.

Осы мәселе бойынша «Алатау» газеті облыстық Білім басқармасынан мәлімет алып, мұғалімдер мен оқушылар арасында сауалнама жүргізді.

Облыстық Білім басқармасының оқу саласы бойынша бөлім меңгерушісі Жұлдыз Жанарханқызының айтуынша:

*– 2025-2026 оқу жылын Жетісу облысындағы 320 (314 мемлекеттік, 6 жекеменшік) жалпы орта білім беретін ұйымында 131 861 оқушы аяқтаған. Білім сапасы 65%-ды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 0,2%-ға артқан.*

*Оқу жылында 11-сынып түлектерінің жалпы саны – 8 521 (жекеменшік мектептерде – 1 125 оқушы). «Алтын белгі» төсбелгісіне 586 (112) оқушы, ал үздік аттестатқа 713 (91) оқушы үміткер атанған. Ал 9-сынып оқушыларының саны – 12 400, оның 1 391-і үздік аттестатқа үміткер (жекеменшік мектептерде 40/5).*

*Қорытынды аттестаттау барысында ешқандай оқыс оқиға тіркелмеді, емтихан үдерісі белгіленген талаптарға сай қалыпты жағдайда өтті,* - дейді ол.

Оқу-ағарту министрі мектеп бітіру кештерін мейрамхана, дәмханаларда, банкет залдарында, демалыс базаларында және табиғат аясында өткізуге, автокортеж ұйымдастыруға, таңды қарсы алу секілді шараларға, сондай-ақ қатысушылардың қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін өзге де іс-шараларға жол берілмейтінін, мұндай жағдайлар анықталса жауапкершілік қарастырылатынын ескерткен.

Бұрындары мұндай кештер мектеп асханаларында өтіп, түлектер мен ата-аналар, ұстаздар бірге таң атқанша мерекелейтін. Қазіргі таңда бұл дәстүр өзгеріске ұшыраған. Түлектердің қауіпсіздігі үшін мұғалімдер түнгі бақылау жұмыстарын жүргізіп, полиция қызметкерлерімен бірлесе әрекет ететін кездер де болған. Осыған қатысты сауалнама барысында есімін атамауды өтінген Талдықорған қаласындағы орта мектеп мұғалімі өз пікірін білдірді:

*– Мен мектепте 20 жылдан астам еңбек етіп келемін. Осы жылдар ішінде бірнеше буын түлекті үлкен өмірге шығарып салдым. 10 жыл бұрын мектеп бітіру кештеріне шектеу болмаған еді, аттестат алғаннан кейін мектеп асханасында-ақ мерекемізді өткізетінбіз. Соңғы жылдары бұл үрдіс өзгеріп, мейрамханаларға ауысты. Министрліктен келген бұйрықты естіп, біз де, оқушылар да қынжылып отырмыз. Себебі оқушылар аттестатын алған сәттен бастап ресми түрде мектеп оқушысы мәртебесінен шығады. Сондықтан мұндай басқосуларға тыйым салынбауы керек деп есептеймін.*

**– Ал осы кештер мейрамхана және басқа тыйым салынған жерлерде ұйымдастырылған жағдайда жауапкершілік кімге жүктеледі?**

*– Түлектерге аттестат берілгеннен кейін мектеп ұжымы олардың қауіпсіздігіне жауап бермейді. Яғни, салтанатты аттестат тапсыру рәсімі аяқталған соң мектеп тарапынан жауапкершілік тоқтатылады. Егер бітіру кеші аттестат берілгенге дейін ұйымдастырылса, онда жауапкершілік мектепке жүктеледі. Алайда мұндай шаралар көбіне ресми рәсімнен кейін өтетіндіктен, мектеп ұжымы одан кейінгі іс-шараларға жауапты емес.*

Полиция қызметкерлері де арнайы хабарлама түспеген жағдайда мейрамханалар мен өзге орындарды жоспарлы түрде тексермейтінін айтқан. Бұл туралы мақала басында да мысал келтірілді.

**АЛ ТҮЛЕКТЕР НЕ ДЕЙДІ?**

*– Бұл кештің өзі «мектеп бітіру кеші» деп аталады ғой. Сондықтан оның мектеп қабырғасында ресми түрде өткені дұрыс деп санаймын. Ал аттестат алғаннан кейін мектеп біз үшін жауап бермейді. Әрине, кортеж ұйымдастырмаймыз. Бірақ ата-аналармен бөлек кездесуді басқа уақытта өткізуді жоспарлап қойғанбыз,* **– дейді түлек Алина.**

**Ал Ерсұлтан есімді оқушы бұл шешім ата-аналарға да тиімді екенін айтады.**

*– Кейде бітіру кешіне байланысты артық шығындар болып жатады. Мысалы, 25 мамырдың өзінде соның көрінісін байқадық. Барлық отбасының жағдайы бірдей емес. Сондықтан мектепте өткізілген ресми шарадан кейін басқа кездесулерге қатыспайтын сыныптастарымыз да бар,* – дейді ол.

**Нұрдәулет те өз пікірін:**

*– Ең бастысы, ешкімге кедергі келтірмей, қауіпсіз түрде атап өтсек болғаны. Рестoранға ата-анамызбен барамыз. Өйткені мектеппен қоштасу әр адам үшін ерекше сәт. Бұл балалық шақпен қоштасу, орта білімді аяқтағанымызды растайтын маңызды кезең,* - деп білдірді.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың ортақ пікірі байқалды. Олар үшін кештің жарқырап, естен кетпес жылы оқиға ретінде жадында қалуы үшін той тойлауды құптап тұр.

Жалпы, жауаптардың нәтижесі түлектердің мектептегі ресми шара өз алдына, алайда олар мектептен тыс уақытта достарымен және ата-аналарымен бірге бейресми түрде кездесуді де қалыпты жағдай деп санайды. Бүгін болмаса да, әйтеуір жиналып атап өтетінін ашық айтты.

Президенттің 12 маусымда қол қойған «Педагогтың мәртебесі» туралы Заңында білім беру мекемесінің басшылары білім алушылармен тек өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде, білім беру кезінде ғана жауапты деген норма енгізілді.

Олай болса, біздің көкейімізде оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың бұл талаптары «нақты қандай жағдайға байланысты және оны қалай бақылап, қолға алады екен?» деген сұрақ бар.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

**БРИФИНГ**

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ




**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ – ӨНЕРКӘСІПТІК ӘЛЕУЕТІ БІРТІНДЕП ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ӨЗЕКТІ ӨҢІРДІҢ БІРІ. 2026 ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ЭКОЛОГИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БАҒЫТЫНДА БІРҚАТАР ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫП, МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ МЕН МОНИТОРИНГТІ КҮШЕЙТТІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ТІЛЕУХАН БОЛАТҰЛЫ БРИФИНГ БАРЫСЫНДА МӘЛІМДЕДІ.**

Бүгінде облыс аумағында 1816 табиғат пайдаланушы тіркелген. Олардың ішінде I санаттағы 18, II санаттағы 176, III санаттағы 342 және IV санаттағы 1280 нысан бар. Экология департаменті 5 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді, олардың қатарында қоршаған ортаға әсерді бағалау, экологиялық рұқсаттар беру және мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын рәсімдеу бар.

2026 жылдың маусым айына дейін 142 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, оның 44-і оң шешіммен аяқталған. Сонымен қатар 56 жағдайда уәжді бас тарту берілген. Департаменттің мәліметінше, бас тартулардың басым бөлігі құжаттардың экологиялық талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты. Өңірдегі I санаттағы кәсіпорындар үшін белгіленген эмиссия лимиті 43,4 мың тоннаны құрап, өткен жылмен салыстырғанда 3,1 пайызға төмендеген.

Зертханалық-талдамалық бақылау деректеріне сәйкес, өңірдегі экологиялық ахуал тұрақты деңгейде сақталып отыр. Полициямен бірлескен «Таза ауа» акциясы аясында автокөліктер тексеріліп, нормадан асу деректері анықталмаған. Сондай-ақ Қытаймен шекаралас Қорғас өзенінің су сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері ластану шекті деңгейден аспағанын көрсетті. Атмосфералық ауа сапасы бойынша да жоғары немесе экстремалды ластану жағдайлары тіркелмеген.

Өңірдегі ірі кәсіпорындарда эмиссияны автоматтандырылған мониторингтеу жүйелері енгізіліп, деректердің үздіксіз берілуі қамтамасыз етілген. Бұл экологиялық бақылаудың ашықтығын арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

2026 жылдың есепті кезеңінде мемлекеттік экологиялық бақылау 17 нысанда жүргізілді. Нәтижесінде 66 заң бұзушылық анықталып, оның 39-ы өрескел бұзушылық ретінде тіркелді. 17 нұсқама беріліп, олардың бір бөлігі орындалуда. Сонымен қатар жалпы сомасы 303,7 млн теңгеден астам 54 әкімшілік жаза қолданылып, оның басым бөлігі мемлекет кірісіне өндірілді.

Сырымбет ауылы тұрғындарының ұжымдық өтініші негізінде жүргізілген тексерулер барысында бірқатар заң бұзушылықтар анықталды. «Текелі-мрамор» ЖШС экологиялық рұқсатсыз қызмет атқарғаны үшін жауапкершілікке тартылып, қызметін уақытша тоқтату туралы сотқа талап-арыз әзірленуде. Ал «Алатау Мрамор» ЖШС жарылыс-бұрғылау жұмыстарын рұқсатсыз жүргізгені және шаң басу шараларын сақтамағаны үшін әкімшілік жауапқа тартылды.

Жетісу облысында қатты тұрмыстық қалдықтарды жою мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Өңірде 7 полигон және 182 уақытша жинақтау орны бар. Дегенмен олардың басым бөлігі экологиялық талаптарға сай келмейді. Қазіргі таңда тек Талдықорған, Қаратал және Көксу аудандарындағы полигондарда ғана рұқсат құжаттары бар.

Жыл сайын облыста шамамен 220 мың тонна қалдық түзіледі, оның тек 17,8 пайызы ғана қайта өңделеді. Бұл қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу инфрақұрылымының жеткіліксіздігін көрсетеді. Сонымен қатар 2026 жылы 35 заңсыз қоқыс үйіндісі анықталып, олардың бір бөлігі жойылған. Жауапты тұлғаларға айыппұл салу арқылы әкімшілік шаралар қабылданған.

Жалпы алғанда, Жетісу облысында экологиялық бақылау күшейіп, мониторинг жүйесі жетілдіріліп келеді. Дегенмен, полигондардың жағдайын жақсарту және заңсыз қоқыс үйінділерін толық жою мәселелері алдағы уақытта да өзекті болып қала береді.

# Дүйсенбі - Понедельник, 22 маусым

## ХАБАР

05.00, 00.30 Сериал «Парфюмерша»
07.00 «Оян»
09.00 «Көзқарас»
09.30 «Әлеумет»
10.00 «Әшрефтің арманы»
12.00 Cover show
14.00 «Жәңгірдің жаңғыруы»
14.45 Х/ф«Вызов»
17.00 Сериал «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.00 Кино «Бойдақ күйеу»
21.35 Cover show
22.00 «КешREC»
23.00 Х/ф«Красотки в бегах»

## ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.25 «Жаңалықтар»
07.35 «Көреміз шоу»
08.35 «Новости»
08.50 «Жить здорово!»
09.45 Жаңалықтар
10.00 «Модный приговор»
10.50 Новости
11.05 «Давай поженимся!»
12.05 «Зовите Ермолова!-4»
13.15 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 Qoslike
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Көреміз шоу
20.00 «Главные новости»
20.35 «Законы жизни»
20.55 «Улицы разбитых фонарей-15»
01.25 «Главные новости»
02.05 «Противостояние»
03.10 «Басты жаңалықтар»
03.45 «Паутина»

## КТК

07.05 «әнім сен едің»
08.50 «Тоғжан» отандық Т/х
10.30 «Последнее лето».
12.20 «Реальная мистика»
14.30 «Мне тебя обещали»
16.30 «Другая»
18.30 сериал «Однажды в чукурова»
20.30 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.30 сериал «Ты меня никогда не забудешь»
23.30 сериал «Цена побега»
01.30 сериал «Другая»
03.20 «Последнее лето»
04.45 «Тоғжан»(қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

## ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.05 «Ұлт ұяты»
10.00 «Угәгәй melody»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.00 «Бір шәугім шай»
11.30 «Күлкі қоржын»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.05 «Әсем әуен»
13.05 «Единый народ»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Жетісу әуендері»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Д/ф «Travel Kazakhstan»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Апорт»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
22.40 «Әсем әуен»

## 31 КАНАЛ

06.00.04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00 «Операция алтын адам»
08.30 Мультсериал «Аватар Легенда об Аанге»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
10.30 «Хранитель времени»
13.30 «Универсальный солдат»
15.50 Х/ф«Чужой против хищника»
18.00 «Такси»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Х/ф«Спасти рядового Раиана»
00.20 «31 әзіл» ойын сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

## 7 КАНАЛ

06.02 «Тойхана»
06.22 «Ауыл дәрігері»
07.10, 23.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
09.00, 00.00 «Тәуіп Хо Жун»
10.00,17.00,02.00 Телесериал
11.00 «Праздник разбитых сердец»
13.00 «Қайсар жүрек»
14.00 «Тақиясыз періште»
16.00 «Q-елі»
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
18.30 сериал «ветреный»
19.30Новости прямой эфир
20.00 «Жар-птица»
22.00 сериал «далекий город»
01.00, 05.00 Жаңалықтар
01.20.05.25 Новости
04.50 Гүл-гүл шоу

# Сейсенбі - Вторник, 23 маусым

## ХАБАР

05.00Т/с «Как выйти замуж за миллионера»
07.00 «Оян»
09.00 «Турбозавры»
09.30 «Нородный контроль»
10.00 «Әшрефтің арманы»
12.00 «Келінжан»
13.00 ОйнаIQ
14.00 «Барбоскины»
15.30 Х/ф«Красотки в бегах»
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.00 Кино «Ессіз ғашық»
21.20 Cover show
22.00 «КешREC»
23.00 Х/ф«Моя семья тебя уже обожает!»
00.30 «Чужая милая»

## ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.25 «Жаңалықтар»
07.30 «Көреміз шоу»
08.30 «Новости»
08.45 «Жить здорово!»
09.40 Жаңалықтар
09.50 «Модный приговор»
10.45 Новости
10.55 «Давай поженимся!»
12.05 «Зовите Ермолова!-5»
13.05 «Принц сибирии»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 Qoslike
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Көреміз шоу
20.00 «Главные новости»
20.35«Улицы разбитых фонарей-15»
01.05 «Главные новости»
01.45 «Противостояние»

## КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «әнім сен едің»
08.20 «Тоғжан» отандық Т/х
10.00 Вечерние новости
10.30 «Последнее лето».
12.20 «Цена побега»
14.30 «Ты меня никогда не забудешь»
16.30 «Другая»
18.30 Т/с «Однажды в Чукурова»
20.30 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.30 Т/с «Ты меня никогда не забудешь»
23.30 Т/с «Цена побега»
01.30 Т/с «Другая»
03.10 «Последнее лето»
04.45 «Тоғжан»(қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

## ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.20 К/ф «Соңғы кездесу»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.45 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Доступ есть?»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Мәңгілік достық»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Өзгеремін»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

## 31 КАНАЛ

06.00.04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00 Информ бюро
08.00 «31 әзіл» ойын сауық
08.30 М/с«Аватар Легенда об Аанге»
09.00 М/с «Губка Боб»
10.00 М/с«Пингвины Мадагаскара»
10.30 М/с«Кунг-фу Панда»
11.00 «Спайдервик: Хроники»
13.00 «Умри, но не сейчас»
16.00 Х/ф«Такси»
18.00 «Такси-2»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Х/ф«Звездные врата»
01.50 «31 әзіл» ойын сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

## 7 КАНАЛ

06.02 «Тойхана»
06.22 «Ауыл дәрігері»
07.10, 23.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.10 «Жетімдер»
10.10, 00.00 «Тәуіп Хо Жун»
10.00,17.00,02.00 ТелеТ/с
12.20 «Пингвинёнок Пороро»
13.00 «Қайсар жүрек»
14.00 «Тақиясыз періште»
16.00 «Q-елі»
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
18.30 Т/с «ветреный»
19.30Новости прямой эфир
20.00 «Жар-птица»
22.00 Т/с «далекий город»
01.10, 05.00 Жаңалықтар
01.35,05.25 Новости
04.50 Гүл-гүл шоу

# Сәрсенбі - Среда, 24 маусым

## ХАБАР

05.00Т/с «Как выйти замуж за миллионера»
07.00 «Оян»
09.00, 14.00 «Барбоскины»
09.30 «Біздің назарда»
10.00 «Әшрефтің арманы»
12.00 «Келінжан»
13.00 ОйнаIQ
15.30 Х/ф«Моя семья тебя уже обажает!»
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»
19.00 Новости
19.30 Жаңалықтар
20.00 Кино «Хам кафе»
21.25 Cover show
22.00 «КешREC»
23.00 Х/ф«Дочь землекова»
01.00 «Чужая милая»

## ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.25 «Жаңалықтар»
07.30 «Көреміз шоу»
08.30 «Новости»
08.45 «Жить здорово!»
09.40 Жаңалықтар
09.50 «Модный приговор»
10.45 Новости
10.55 «Давай поженимся!»
11.55 «Зовите Ермолова!-5»
13.05 «Принц сибирии»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 Qoslike
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Көреміз шоу
20.00 «Главные новости»
20.35«Улицы разбитых фонарей-15»
01.05 «Главные новости»
01.45 «Противостояние»
02.50 Басты жаңалықтар
03.20 Қаймақ
03.45 «Паутина»

## КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «әнім сен едің»
08.20 «Тоғжан» отандық Т/х
10.00 Вечерние новости
10.30 «Последнее лето».
12.20 «Цена побега»
14.30 «Ты меня никогда не забудешь»
16.30 «Другая»
18.30 Т/с «Однажды в чукурова»
20.30 кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.30 Т/с «Ты меня никогда не забудешь»
23.30 Т/с «Цена побега»
01.30 Т/с «Другая»
03.10 «Последнее лето»
04.45 «Тоғжан»(қайталау)
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

## ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.20 К/ф «Біздің апай - ханшайым»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
11.50 «Еркін қозғалыс»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.50 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Өзгеремін»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Жайлы мектеп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жолдау. 2025 жыл»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

## 31 КАНАЛ

06.00.04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00 Информ бюро
08.00 «31 әзіл» ойын сауық
08.30 М/с«Аватар Легенда об Аанге»
09.00 М/с«Губка Боб»
10.00 М/с«Пингвины Мадагаскара»
10.30 М/с«Звездные врата»
13.20 «Охота на монстра»
16.00 Х/ф«Такси-2»
18.00 «Такси-3»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Х/ф«В изгнании»
23.00 «Враг у ворот»
01.40 «31 әзіл» ойын сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»

## 7 КАНАЛ

06.02 «Тойхана»
06.22 «Ауыл дәрігері»
07.10, 23.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.10 «Жетімдер»
10.10, 00.00 «Тәуіп Хо Жун»
11.20,17.00,02.00 ТелеТ/с
12.20 «Пингвинёнок Пороро»
13.00 «Қайсар жүрек»
14.00 «Тақиясыз періште»
16.00 «Q-елі»
18.00 Жаңалықтар тікелей эфир
18.30 Т/с «ветреный»
19.30Новости прямой эфир
20.00 «Жар-птица»
22.00 Т/с «далекий город»
01.10, 05.00 Жаңалықтар
01.35,05.25 Новости
04.50 Гүл-гүл шоу

# ХАЛҚЫ ҚАДІРЛЕГЕН АСЫЛ ТҰЛҒА

*Жақсы адам – елдің ырысы,*
*жақсы сөз – жанның тынысы.*

***БӘТИМА ЕСБОЛАТҚЫЗЫ САҚАУОВАНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ӨШПЕС ЕСТЕЛІК БОЛЫП ҚАЛДЫ. БИЫЛ ЕСІМІ ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА ЖҮРІП ХАЛЫҚҚА ЕТЕНЕ ТАНЫС, ЕЛГЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҚАҒИДАТЫМЕН ӨМІР СҮРГЕН, МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНДА ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАСЫН ҚАЛДЫРҒАН БІЛІКТІ ДЕ ІСКЕР, СЫН САҒАТТА ӘЙЕЛ БОЛСА ДА ҚАЙСАРЛЫҒЫНАН ТАНБАҒАН, ҚАЙРАТ-ЖІГЕРІ МҰҚАЛМАҒАН МЕМЛЕКЕТШІЛ ТҰЛҒА, РУХЫ БИІК ҚАЙРАТКЕР, ЕЛ АНАСЫ АТАНҒАН БӘТИМА САҚАУОВА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ 100 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. ОЛ ДҮНИЕГЕ КИЕЛІ АҚСУ БОЙЫНДА 1926 ЖЫЛЫ 5 ЖЕЛТОҚСАНДА КЕЛГЕН ЕДІ. КЕҢЕС ОДАҒЫ КЕЗІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАРЫН АЙТПАҒАНДА, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КЕЗІНДЕГІ АЛҒАН МАРАПАТТАРЫ – ЕҢБЕГІНІҢ АЙҒАҒЫ, МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ БЕРГЕН АЛҒЫСЫ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. БӘТИМА ЕСБОЛАТҚЫЗЫ – АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, ҮШ МӘРТЕ ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ БОЛАТЫН. УАҚЫТ АЛҒА ОЗҒАН САЙЫН ОНЫҢ ХАЛЫҚ ЖАДЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ БИІКТЕП БАРАДЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ ДЕП АТАЛАТЫН МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ ХАЛҚЫ ҚАДІРЛЕГЕН АСЫЛ ТҰЛҒАНЫ ЕСКЕ АЛУДЫ ЖӨН КӨРДІК.***





### ҚАТАЛДЫҚ ПЕН НӘЗІКТІК ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

**Бижамал РАМАЗАНОВА, Мемлекет және қоғам қайраткері, бұрынғы Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының хатшысы:**

– Менің есімде қалған бір жай – 1957-1959 жылдары Талдықорған қалалық атқару кеңесінде төраға орынбасары Бәтима қалада тазалық сақтау тәртібін күшейтті, көшелердің бойына түрлі ағаштар отырғызу, оны уақытымен баптап күту сияқты жұмыстар оның бақылауында тұрды. Бұл істерде сол кездегі төраға П.Я.Миронов және төраға орынбасары Б.Е.Сақауова жеке белсенділік танытты. Нәтижесінде қаланың келбеті сол кездері біршама өзгеріп, жасыл желекке бөленді.

Бәтима Есболатқызы облыстың Гвардия ауданында атқару кеңес төрайымы кезінде ауданның ауылшаруашылық көрсеткіштері еселенді. Одан кейін ол ауылдық кеңестердің рөлін көтерді. Оларды басқаратын кадрларды таңдай білді және оларға талап қоя білді. Сол кездегі Алтынемел ауылдық, Шанханай селолық кеңестер – олардың төрайымдары болған қазақтың біртуар арулары Сағира Беккұлова, марқұм Зылиха Тамшыбаева ерекше көзге түскенін ұмытуға болмайды. Сақауова Бәтима Есболатқызы Жетісу өңірінде әйел кадрларының ішінен шыққан лауазымы үлкен басшы қызметкер ретінде 60 жылдан артық тиянақты да абыройлы еңбек еткен жан. Кезінде Бәтима Есболатқызы Сақауованы Алматыға басқару қызметіне шақырған кезде ол кісі бір емес, бірнеше мәрте рақметін айтып, мен осы Жетісу өлкесінде еңбек ете берейін деп айтқанының да куәгерімін.

Алғаш көргенде Бәтима маған қатал мінезді, тіпті әркөкіректеу болып көрінгенмен, кейін байқағаным, ол тезімді, өжет, әділетті және турашыл екен. Адамға жанашырлықтың басым, адам көңіліне қаяу түсірмеуге тырысатын, нәзіктігі бар деп, бірге өсіп, бірге қызметте жүріп, ұзақ жылдар оны білгендіктен айта аламын. Кешегі қалың қолаң шашы иығына төгілген,алғыр ойлы, жас қыз адал еңбек иесі, еңбек ардагері, ел Анасы атанды. Бәтіштің асыл бейнесі Жетісудың тарихына еніп, жұртшылықтың есінде мәңгі сақталатыны сөзсіз.

### ЖЕТІСУДІҢ ШОҚ ЖҰЛДЫЗЫНЫҢ БІРІ

**Серік АҚЫМБЕКОВ, мемлекет және қоғам қайраткері:**

– Өткен ғасырдың екінші жартысында Жетісудың аспанында шоқ жұлдыздай бір топ қыз-келіншек көзге түсіп, ел құрметіне бөленді. Атап айтсам, олар Бижамал Рамазанова, Зылиха Тамшыбаева, Битай Тәтенова, Зәкария Сейітова,



Мәрия Аяабаева, Күләш Айтжанова, Жұмаш Оспанбекова сынды қызкеліншектер еді. Сол шоқ жұлдыздың ішіндегі бірі де бірегейі біздің Бәтима Есболатқызы екені шындық. Бұл кісі қандай қызмет атқармасын, өзіне тән қайсар мінезімен, турашылдығымен жоғары деңгейден көріне білді. Бәтима апамыздың қайраткерлік қарымының биікке көтерілген кезі – сол уақыттағы Гвардия аудандық атқару комитетінің төрайымы болып тұрған шағы. Олай дейтінім, Бәтима Есболатқызы атқарған қызметке мені тағайындаған еді. Сол кезде елдің аузынан Бәтима Есболатқызының атына тек жақсы сөздер естіп, қимас көңілдерін байқадым. Ол кісінің гауһар тастай жарқырап, түлғаланып көріне бастаған кезі Талдықорған облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған уақыты болатын. Табаны күректей он төрт жыл Жетісу өңірінің үлкен бір саласының тасын өрге домалатты. Міне, артында өшпес із қалдыру дегеніңіз осы шығар. Жалпы, Бәтима



апаның өмірі тақтайдай түзу, қызметі қызыққа ғана толы болды десек, асыра айтқандығымыз болар...

Тағдыр жаны нәзік ананың мойнына үлкен сынақтар артқан екен. Елдің жүгімен қатар отбасындағы ауыртпалықты да көтеруге тура келді. Көзінің ағы мен қарасындай болған Раушаны мен Ерболатынан айырылды. Алпыс төрт жыл ғибратты ғұмыр кешкен жан жары, шаңырағының иесі болған Ерекеңді өз қолымен арулап аттандырды. Тағдыр осылай ауыртпалықпен еңсесін майыстырып, қабырғасын қайыстырғанымен сынбады. Керісінше, өзіне-өзі қайрат беріп, өзін-өзі шыңдады. Өмірінің соңына дейін туған халқының, тәуелсіз елінің тілеуін тіледі. Ғасырға жуық ғұмыр кешіп, мәңгілік өміріне сапар шеккен аяулы жанның жаны жаннатта, топырағы торқа болсын! Елі үшін еңбек еткен Бәтима Есболатқызының жарқын бейнесі жадымызда мәңгі қала бермек!

### ЖОМАРТ ЖҮРЕКТІ ЖЕТІСУДЫҢ АНАСЫ

**Серік ҮМБЕТОВ, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:**

– Қос дәуірдің куәгері Бәтима Есболатқызын 1997 жылы жолықтырдым. Осы жылы екі облыс қосылып, Бәтима апаймен етене жақын араласып кеттік. Өйткені, дәл сол кезде бізге көпті көрген жандардың көмегі аса қажет еді. Сабырмен сөз бастайтын апамыз елімізде болып жатқан оң өзгерістерге өзіндік пікірін білдіріп, мемлекетшіл ниетін, көзқарасын ашық айтатын. Осы облысты басқарған жылдары апаның ақыл-кеңесін тыңдап, еліне, жеріне деген перзенттік махаббатының шексіз екеніне талай мәрте көз жеткіздім.

Бәтима Есболатқызы Сақауова өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында соғыс салған ауыртпалықты бүлдіршін қыз кезінен көтерген ол елімен бірге есейген, еңбегі еленіп ел басқарған жан. Жетісу жерінің жеткен жетістігіне желпініп отырды. Әрдайым «Ел-жұрт аман болса, мен де аманмын» деген сөзінен айныған емес.

Жақсы адам жайлы пікір білдіру де бір ғанибет. Бәтима апа жайлы айтар болсам, ойға ерен, ақыл-парасатқа кенен жан дер едім. Астанадан іссапармен Жетісуға атбасын бұрған сайын міндетті түрде апайдың шаңырағына барып, амандасып, хал-жағдайын сұрап, дидарласып қайтатынмын. «Қалыңыз қалай?» деген сауалыма: «Қарағым, бір адамның қалы не болар дейсің, елдің жағдайы жақсы болсын. Ел аман болса, мен де аманмын», – деп дастарқанын жаятын. Адамды қуанта, қуаттандыра білудің әліппесін осы апамыздың өмір тәжірибесінен көрдік, тағылым алдық.

**Аманғазы ШЕГІРОВ, Алматы облысының, Талдықорған қаласының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері:**

Бүгінде Жетісу өңірі гүлденіп, дамып, өркендесе оған Бәтима Есболатқызының қосқан үлесі зор. Ол кісі еңбегі ақталған, абыройы артқан, ел алғысын арқалаған абзал жан еді. Бәтима Есболатқызы он төрт жыл облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып еңбек етті. Ол уақыттар асыл жанның өмір парағында өнегелі іздерімен өшпестей жазылып қалды. Сол сәтте облыста 134 ұжымшар мен кеңшар бар еді. Және бәрінің орталықтарына 624 орынды мектеп, 140 орынды балабақша, ФАП салғызып берді. Яғни, осы ғимараттарда Бәтима Есболатқызының қолтаңбасы, алақанының табы қалды. Ал Талдықорған қаласында бүгінгі күнге дейін халық игілігіне пайдаланып отырған көптеген нысандар да басшының елеулі еңбегінің жемісі.Облыстық және балалар ауруханалары, туберкулез диспансері, қалалық емхана, эндокринологиялық диспансер, Бикен Римова атындағы драма театры бұрынғы ғимараты (Абылайхан көшесіндегі, бүгінде Д.Рақышев атындағы облыстық филармония), Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы, орталық әмбебап дүкен сияқты көптеген рухани ошақтар мен мемлекеттік мекемелердің бой көтеруіне зор үлес қосты. Ағайынның ұйытқысы, елдің берекесі болды. Содан болар, жанындай жақсы көретін қызы Раушаннан ерте айырылса да, мемлекет және қоғам қайраткері, күйеу баласы Сәт Тоқпақбаев Бәтима апаймен өмірден өткенше араласып, қадірлей білді. Марқұм аналық мейіріммен үлкен парасаттылық көрсетті. Мен апайдың өмірі мен елге жасаған қызметін жас жеткіншектерге тәрбие үлгісі деп айтар едім.



### ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҒЫ КЕРЕМЕТ ЕДІ

**Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Алматы, Жетісу облыстарының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері:**

– Жетісудың аяулы анасына айналған асыл жанның бірі Бәтима Есболатқызы Сақауова десем асыра айтқандық емес. Әрине, елден естігенім бойынша жазсам, күмәндануға болар. Ал көзіммен көріп, сөзін тыңдап, ел басқару жолында талай-талай қиын-қыстау сәттерде келелі пікірлерді ортаға салып, ортақ оймен көптеген мәселені бірге шешкендіктен ол кісі жайлы қандай әңгіме айтсам да, ақиқаттан алшақтамайтыным шындық.

Бәтима Есболатқызы еңбек жолындағы қандай баспалдақтары болсын, соның бәрінде ұлттық тәрбиенің уызы аңқып тұратын. Әуелі ол кісінің дүниеге келген топырағының өзі қазақ руханиятына Молықбайдай қобызшыны, Кәтен Тәуіптей әулиені, Ілиястай құлагер ақынды, ақын Сарадай дара қызды, Барлыбек Сырттановтай Ата Заңымыздың негізін қалаған алаштың арыстай ұлын сыйлаған қасиетті өңір.

Көзім көргені, Бәтима апай басшылық еткен қай мекенде болмасын, жастарға деген көзқарасы өте жоғары болды. Жастардың бойында қазақи салт-дәстүрді сақтап қалу мақсатында шаңырақ көтерген қуаныштарына арнайы барып, аналық тілегін, ақ батасын беріп қайтатын. Қай ауылда болмасын шарана дүниеге келген отбасында міндетті түрде «Бесік жырының» айтылуын қадағалап отыратын.

Саналы ғұмырын ел басқаруда өткізген Бәтима апай мықты идеолог қыздарымыздың бірі бола білді. Бүгінгідей жаңа замандағы таңдай қақтырар жаңалыққа толы болмаса да, өз заманының сұранысын қанағаттандырып, балабақшалар, ауыл балаларын біліммен толықтай қамтамасыз ете алатын мектептер салдырды. Бір сөзбен айтсам, Бәтима апа Жетісу халқының Ханшайымы болды. Бәтима Есболатқызының қайраткерлігінің тағы бір қыры – Желтоқсан көтерілісі кезінде де көрініс тапты. Алматыдағы дүмпу Талдықорған төріне де жетіп, жастар жағы өре түрегелгенде осы Бәтима Есболатқызы солардың алдына шығып тоқтау салды. Рас, қазақты қазақ басқару керектігін бәрі қалады. Бірақ сабырлық сақтамаса, сол кездегі жүйе қазақ жастарын аямын деп тұрмағаны анық еді. Босқа таяққа жығылып, жас жанын құрбан етпей ақырын жүріп, анық басып, ақырын күту керектігін ана жүрегімен айтып, асау толқынның алдына тосқауыл болды. Міне, ұлтын, ұрпағын сүйген ана пейілінің жемісі.

Ел анасына айналып, құрметке бөленген Бәтима апай торқалы тоқсанның төрінде де арамызда сол қалпын сақтады. Қазақы тілмен айтқанда саналы ғұмыры ат үстінде өтті. Тынымсыз еңбек етті. Нәтижесінде елдің құрметтісіне айналды. Алдыңғы толқын ағалар ғана емес, кейінгі буын інілер де ақылман ананың алдына барып, батасын алып, өнегелі өмірі жайлы сыр-сұхбат құрып тұрды. Мерейлі мерекелерде құшаққұшақ гүл шоқтарын ұсынып, көңілін марқайтып қайтатын еді. ***(Автордан ескерту: естелік ықшамдалып алынды.)***

**Құрметті оқырман! Біз бүгінгі естелігімізде бір топ ел ағаларының, қайраткер тұлғалардың Бәтима апа Есболатқызы жайлы толғаған лебіздерін ықшамдап, назарларыңызға ұсындық. Толық нұсқасын облыстың кітапханаларынан 2018 жылы жарық көрген «БӘТИМА АНА» атты кітаптан оқи аласыздар.**

**Жетісу өлкесінің қадірменді қариясына айналған Бәтима апай 2018 жылы 92 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Жетісу жұртшылығы абыз анасын арулап, Талдықорғандағы Достық Үйі ғимаратынан ақтық сапарына қимастықпен шығарып салған еді. Халыққа қызмет етуді мақсат еткен азаматтарға Бәтима ананың өмір жолындағы қажырлы еңбегі бағыт сілтер темірқазық бола алады.**

**Ғабит ТҰРСЫНБАЙ**

# ОБОРОНА

**Эту книгу, которую вы видите на странице газеты, написана казахстанской ученой, историком, исследователем, профессором КазГНУ Лейлой Ахметовой. Про оборону Брестской крепости написано много исторических материалов. Но данная книга Лейлы Ахметовой – особенный подвиг исследователя, в которой были написаны казахстанцы – защитники Бреста. Кропотливый поиск архивных документов, восстановление картины защиты крепости от фашистов, побывать и осмотреть каждую деталь боев по защите крепости нелегкое дело. Можно сказать, что героический дух защитников крепости помогал историку в изучении материалов войны. А по материалам Лейлы Ахметовой защищали Брест казахстанцы разной национальности – их было 700 человек. Каждая страница пронизана картиной героического сражения наших воинов. Когда перелистываешь каждую страницу – невольно наворачиваются слезы от потерь наших солдат. Из этой книги мы выбрали имена защитников крепости из Талдыкорганской области, призванных к воинской службе до войны и первыми встретившими врагов, не жалея жизни, навечно оставшихся там для защиты крепости и родины. Мы склоняем головы перед нашими солдатами, героически защищавших рубежи нашей родины в первые дни войны.**






*Лейла Ахметова*

## Призывники Талды-Курганской области — защитники Брестской крепости

***(Данные на 1.05.2016):***



**1. Алтикенов Исагалий**
Призыв: 1939 г., Талды-Курганская обл.
Звание: Рядовой, 1 об 1 од. 131 лап.
Статус: Погиб в БК.

**2. Амирбеков Рыскельды**
Призыв: 1939 г., Талды-Курганская обл.
Звание: Рядовой, 1 об 1 од. 131 лап.
Статус: Погиб в БК.

**3. Бектимисов Абдрахман**
1917 г.р., с. Сартогай, Уйгурский р-н, Алма-Атинская обл.
Призван в 16.02.1939 г., Джаркентским РВК Талды-Курганская обл., б/п
Звание: Рядовой, 333 сп.
Статус: Погиб в БК.

**4. Беляев Семен Денисович** 16.04.1916 г.р.,
С. Рагули, Апанасенковский р-н, Ставропольский кр.
Призыв: 1939 г., Талды-Курганская обл.
Звание: Рядовой, 1 об 1 од. 131 лап.
Статус: 22 июня пленен в БК. 19.10.1941 г. доставлен в лагерь, в декабре 41 г. погиб. СС лагерь Ораниенбург.

**5. Бесимбеков Есимбай**
1919 г.р. Караул-Тюбе, Саркандский р-н, Талды-Курганская обл. Призван в октябре 1939 г. Саркандским РВК Талды-Курганской обл., б/п
Звание: Рядовой, 1 об 1 од. 131 лап.
Статус: Погиб в БК.

**6. Валишанов Габдильлхак Нурмахметович**
1920 г.р., г. Сарканд, Талды-Курганская обл. Призыв 1939 г.
Талды-Курганская обл.
С-т, ком-р отд.разведки взв. управления 2 об 1 од 131 лап.
23.06.41. прорвался из БК. Воевал на фронте. Жив.

**7. Давлетбаков Саду**
1921 г.р., с. Кизик, Талды-Курганский р-н, Талды-Курганская обл. Призыв 1939 г. Талды-Курганская обл., казах.
Рядовой 125 сп. 22.06. пленен в БК. 13.08.1941 г. погиб. Stalag 307. № 35365.

**8. Даулбаев Сулеймен Исабекович**
1921 гр., с. Узунагач, Алма-Атинская обл. Призван в декабре 1939 г. Андреевским РВК Талды-Курганской обл., член ВЛКСМ
Рядовой, 125 сп. Погиб в БК.

**9. Джалилов Ахмет**
1919 г.р., г. Джаркент, Талды-Курганская обл., член ВЛКСМ. Призван Джаркентским РВК 05.02.1939 г.
Рядовой, стрелок 8 ср 3 сб. 333 сп.
Погиб в БК.

**10. Дудизогов Оразгеди**
1917 г.р., п. Сельхозкомбинат, Бурлютобинский р-н, Талды-Курганская обл. Призыв 1939 г из Талды-Курганской обл. Казах.
Рядовой, стрелок 9 ср 3 сб. 333 сп. Прорвался из БК. 02.07.41. пленен под г. Кобрин Брестской обл. 1.10.41 г. погиб в концлагере.

**11. Жексеков Шаяхмет**
1917 гр., с. Буден-Кандинск, Капальский р-н, Талды-Курганская обл. Призыв Аксуйский РВК Талды-Курганская обл. 1939 г. Канд. в ВКП (б).
Рядовой, наводчик огневого расчета 1 об 1 од 131 лап. 22.06. прорваля из БК. Воевал на фронте. Погиб в должности мл. лейтенанта командира взвода отд. истребит.
Противотанкового дивизиона 37 гв. сд 28.09.1942 г.

**12. Жылысбаев Авдиугалый**
1917 г.р., с. Кызыл-Балык, Бурлютобинский р-н, Талды-Курганская обл. Призван 1939 г.
Рядовой, стрелок 9 ср 3 сб. 333 сп.
Погиб в БК.

**13. Исканов Алимгази**
1917 г.р., с. Карасу, Алакульский р-н Талды-Курганская обл. Призван в 1939 г. Алакульским РВК Талды-Курганской обл., б/п.
С-т, ком-р стр.отделения 1 ср 1 сб. 125 сп. Погиб в БК.

**14. Исламов Абдулла Исламович** 1919 гр., г. Джаркент, Талды-Курганская обл. Призван в 1939 г. - Талды-Курганская обл., б/п
Рядовой, телефонист роты связи 333 сп. Погиб в БК.

**15. Злавдинов Джалал**
1918 г.р., с. Тегермень,Уйгурский р-н Талды-Курганская обл. Призван 6.2. 1939 г. Джаркентским РВК Талды-Курганской обл., б/п
Рядовой, 2 об 1 од. 131 лап. Погиб в БК

**16. Камалиев Сыпат**
Талды-Курганская обл. Призыв 1939 г. Талды-Курганская обл
Рядовой 1 об 1 од 131 лап. Погиб в БК.

**17. Колмогоров Николай Николаевич**
1919 г.р., с. Убинка, Шемонаихинский р-н, Восточно-Казахстанская обл. Призван 05.02.1939 г. Джаркентским РВК Талды-Курганской обл. Б/п.
Рядовой 333 сп. Погиб в БК

**18. Кульбаев Кожахмет**
1918 г.р., с. Капал, Талды-Курганская обл. Призыв 1939 г. Талдыкурганский РВК Талды-Курганская обл. Член ВЛКСМ.
Рядовой 2 об 1 од 131 лап. Погиб в БК.

**19. Михайлов Семен Харитонович**
1916 г.р., с. Ендовище, Семилукский р-н, Воронежская обл., Уштобе – педагог. Призыв 12.09. 1939 г. Караталь-ский РВК Талды-Курганская обл., член ВЛСКМ
Зам. пол-ка 1 об.131 лап. 22.06.41 г. прорвался из БК. 23.06 пленен под г. Кобрин Брестской обл. Концлагеря Польши, Германии, Норвегии. Жив.

**20. Мукашев Идрис**
1918 г.р., с. Карабулак, Алакульский р-н, Талды-Курганская обл. Призыв 1939 г. Талды-Курганская обл., казах
Рядовой 125 сп. 22.06.41 г. пленен в БК. Жив.

**21. Мурнаков Джумадиль Каменбаевич**
1917 г.р., аул 20, Аксуйский р-н,Талды-Курганская обл.. Призван 10.03.1939 г. Бурлю-Тюбинским РВК Талды-Курганской обл., б/п
Рядовой, стрелок 9 ср 3 сб 333 сп. Погиб в БК.

**22.Мухаметжанов Исмагул Аптапович**
1919 г.р., с. Каратал, Каратальский р-н, Талды-Курганская обл. Призван 27.11. 1939 г. Аксуйский РВК Тал-ды-Курганской обл., казах
Рядовой, взв. ПТО 2 сб. 333 сп. 24 июня пленен в БК. 17.10.1941 г. погиб. Stalag 307.

**23. Онгаров Толганбек**
**1918 г.р., п.** Кирова, Бурлю-Тюбинский р-н, Талды-Курганская обл.. Призван в октябре 1939 г. Бурлю-Тюбинским РВК Талды-Курганской обл.
Рядовой, 2 мин.р.2 сб. 333 сп. Погиб в БК.

**24. Рахимбаев Умурзак Рахимбаевич**
1919 г.р., а. 4, Каратальский р-н, Талды-Курганская обл. Призван в 1939 г. Талды-Курганская обл.
Рядовой, стрелок 3 ср 1 сб. 333 сп. Прорвался из БК. 01.07.41. пленен вне БК. Жив.

**25. Сабирбаев Нурлибай**
**1917 г.р., п.** Мусабека, Кировский р-н, Талды-Курганская обл. Призыв 1939 г. Талды-Курганская обл.
Рядовой 2 об 1 од 131 лап. Пленен в БК. Жив. Сведения из спр. карточки Нурлибаева.

**26. Садвокасов Кадыржан**
1915 г.р., с. Кокжиде, Бурлю-

# БРЕСТСКОЙ КРЕПОСТИ

Тюбинский р-н, Талды-Курганская обл. Призван 15.02.1939 г. Бурлю-Тюбинским РВК Талды-Курганской обл., член ВЛКСМ

Рядовой, стрелок 9 ср 3 сб. 333 сп. Погиб в БК.

**27. Сопиков Александр Павлович**

1917 г.р., г. Талды-Курган. Призыв 1939 г. Талды-Курганским РВК, член ВЛКСМ. После войны жил в г. Карабулак Алма-Атинской обл.

Рядовой 1 об 1 од 131 лап. 22.06.41 г. вышел с Кобринского укрепления, воевал на различных фронтах. Жив.

Награжден орденами Красной Звезды, Славы 3 ст., медалями «За отвагу», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941 - 1945 гг.», юбилейными.

**28. Турдыев Мухамет**

1921 г.р., г. Джаркент, Талды-Курганская обл.. Призван 06.02.1939 г. Джаркентским РВК Талды-Курганская обл.

Ст. с-т, пом.ком-ра коменд.взво-да 333 сп. 22.06.41 г. погиб в БК

**29. Туякбаев Сараж**

Талды-Курганская обл. Призыв 1939 г. Талды-Курганская обл.




Рядовой 1 об 1 од 131 лап. Погиб в БК.

**30. Шереметов Федор Михайлович** - 1918 г.р., с. Чубар Талды-Курганский р-н Талды-Курганская обл. Призван в феврале 1939 г. Талды-Курганская обл.

Ст. с-т, пом.ком-ра ов 2 об 1 од. 131 лап. Погиб в БК.

**31. Якупов Абдухелил**

1918 г.р., с. Берлик, Джаркентский р-н, Талды-Курганская обл. Призван 05.02.1939 г. Джаркентским РВК Талды-Курганской обл.

Рядовой 333 сп. Погиб в БК. Призыв 1940 г.

**32. Аманжолов Балубек**

Талды-Курганская обл. Призыв 1940 г. Талды-Курганская обл.

Рядовой, заряжающий огневого расчета 1 об 1 од 131 лап.22.06.41. погиб в БК. Сведения из справ. карточки Кабдулдаева.

**33. Амирханов Адилхан**

1916 г.р., п. Лепсы, Талды-Курганская обл.. Призван в 1940 г. Бурлю-Тюбинским РВК Талды-Курганская обл., б/п

Рядовой, стрелок 5 ср 2 сб. 333 сп. Погиб в БК.

**34. Артауов Бейсебек**

1916 г.р., п.335, Андреевский р-н, Талды-Курганской обл.. Призыв в октябре 1940 г. Андреевским РВК Талды-Курганской обл.

Рядовой, зен-пул взвод штабной батареи 131 лап. Погиб в БК

**35. Арутаев**

Талды-Курганская обл.. Призыв 1940 г. Талды-Курганская обл.

Рядовой, 1 об 1 од. 131 лап. Погиб в БК. Сведений нет, кроме фото.

**36. Ахметов Жаксыкельды**

С. Бакалы, Саркандский р-н, Талды-Курганская обл.. Призыв 1940 г. Талды-Курганская обл..

Рядовой, ездовой огневого расчета 1 об 1 од 131 лап. 22.06.41 г. прорвался из БК. Жив. Сведения из спр. карточки Кабдулдаева.

**37. Кабдулдаев Жуман**

1920 г.р., с. Аксу, Аксуский р-н, Талды-Курганская обл.. Призыв 1940 г. Талды-Курганская обл.

Рядовой, замковый огнево-го расчета 1 об 1 од 131 лап. 22.06.41 г. прорвался из БК. Жив. Данные из справ, карточки плюс наградной лист.

**38. Кудайбергенов Абулкан**

1922 г.р., аул 6, Чубартауский р-н, Семипалатинская обл.. Призван в 1940 г. Бурлю-Тюбинским РВК Талды-Курганской обл., член ВЛКСМ

Рядовой, стрелок 9 ср 3 сб, 333 сп. Погиб в БК.

**39. Кудайбергенов Аллиаскар**

1917 г.р., с. Екпенды, Андреевский р-н, Талды-Курганской обл. Призыв февраль 1940 г. Андреевским РВК Талды-Курганская обл., член ВЛКСМ с 1936 г., учитель

Ст.с-т, пом.ком. огневого взво да батареи ПТО 333 сп. 30.06.41 г. пленен в БК. С 1941 г. Лагерь Копск, Польша, с 1944 г. Бельгия, г. Томинин, рабочий. Жив.

**40. Куренкеев Идрис Сейсембекович** 1919 г.р., с. Карабугай, Аксуйский р-н, Талды-Курганская обл.. Призван 07.02.1940 г. Бурлю-Тюбинским РВК Талды-Курганская обл.

Рядовой, санинструктор сан.части, 44 опах. Погиб 22.06.1941 г. в БК. Братская могила в Брестской крепости. Ряд 3, плита 19.

**41. Курлов Федор Захарович**

1917 г.р., п. Ивановка, Киргизская ССР. Призван в 1940 г. Талды-Курганским РВК Талды-Курганской обл.



Рядовой, 1 об 1 од. 131 лап. Пленен в БК. В 1944 г. погиб.

**42. Макаров Валентин Макарович** 1917 г.р., с. Баскунчи, Джаркентский р-н,Талды-Курганская обл. Призван в 1940 г. Джаркентским РВК Талды-Курганской обл.

Рядовой, шофер авт.взв.роты подвоза боепитания 31 оатб. Погиб в БК.

**43. Мусабаев Бейсимбек**

1918 г.р., с. Кызыл Октябрь, Талды-Курганский р-н, Талды-Курганская обл.. Призван в 1940 г. Талды-Курганским РВК Талды-Курганской обл.

Рядовой, 1 об 1 од. 131 лап. Прорвался из БК. В 1941 г. погиб.

**44. Немербаев Мусабек**

1917 г.р., с. Кизил-Ту. Аксуйский р-н. Талды-Курганская обл. Призыв 04.02.1940 г. Аксуйским ВРК Талды-Курганская обл., член ВЛКСМ, учитель-лектор.

**45. Нурбаев Хамитгали Жакупович** 1918 г.р., с. Лепсинск, Андреевский р-н,Талды-Курганская обл. Призыв 1940 г. Талды-Курганская обл.

**46. Нурсеитов Баубек**

1917 г.р., с. Теректы, Каратальский р-н, Талды-Курганская обл.. Призыв 17.02. 1940 г. Талды-Курганская РВК.

**47. Сарейтов Канатбек**

Талды-Курганская обл. Призыв 1940 г. Талды-Курганская обл.

**48. Сейткулов Туякбай**

1914 г.р., с. Карачеган, Бурлю-Тюбинский р-н, Талды-Курганская обл. Призван 11.11.1940 г. Бурлю-Тюбинким РВК Талды-Курганская обл., член ВЛКСМ.

**49. Серикбаев Баубек** Талды-Курганская обл. Призыв 1940 г. Талды-Курганская обл.

**50. Сериков Манатбек**

1919 г.р., с. Кызыл-Балык, Бурлю-Тюбинский р-н, Талды-Курганская обл.

Призван 08.01.1940 г. Бурлю-Тюбинским РВК Талды-Курганской обл., б/п

Рядовой, стрелок 9 ср 3 сб. 333 сп. Погиб в БК.

**51. Сесимбаев Тулеген Сесимбаевич** 1919 гр., с. Шатырбай, Саркандский р-н, Талды-Курганская обл. Призыв 1940 г. Талды-Курганская обл., крестьянин, мусульманин.

Рядовой 3 огневая батарея 98 опад. 22.06 прорвался из БК. Пленен под Минском. Умер в плену 18.05. 1942 г. Лагерный номер 13254. Lager 31617/13.254

**52. Сидоренко Михаил Илларионович**

1918 г.р., с. Байсерке, Андреевский р-н, Талды-Курганская обл. Призыв 1940 г. Талды-Курганская обл.

Рядовой 333 сп. Прорвался из БК. Воевал на фронте. 01.03.1943 г. погиб под Сталинградом. Инф-я сестры из Алма-Аты.

**53. Таубожанов Зукен** 1915 г.р., п. Лепсы, Талды-Курганская обл.. Призыв 1940 г. Бурли-Тюбинским РВК Талды-Курганская обл.

Рядовой, стрелок 9 ср 3 сб. 333 сп. Погиб в БК.

**54. Темирбеков Абдришбай**

1917 г.р., с. Сартогай, Уйгурского р-на, Алма-Атинской обл.. Призыв 3.2.1940 г. Джаркентским РВК Талды-Курганская обл., член ВКП/6/

Рядовой 3 огневой взвод артиллерийская батарея 333 сп. Погиб в БК.

**55. Тлеубаев Карим**

Талды-Курганская обл.

Рядовой, 2 об 1 од 131 лап. 23.06 прорвался из БК. В 1941 г. погиб.

**56. Фатеев Павел Максимович**

1914 г.р., Московская обл.. Призван в январе 1940 г. Бурлю-Тюбинским РВК Талды-Курганской обл..

Рядовой, ездовой взв.снабжения 3 сб. 333 сп. Погиб в БК.

**57. Чалов Александр Дмитриевич** 02.10.1918 г.р., г. Талды-Курган. Призван в 1940 г. обл., русский Талды-Курганская

Мл. с-т, ком-р мин.отделения 3 мин.р.3 сб. 333 сп. В ночь на 22 июня дежурный по роте. 24 июня пленен. 08.04.1942 г. погиб. Stalag IV B

**58. Ясницкий Сергей Андреевич** 05.07.1915 г.р., с. Капал Талды-Курганская обл. Призван 09.02.1940 г. Талды-Курганским РВК Талды-Курганской обл., русский

Рядовой 2 об 1 од. 131 лап. 22 июня пленен в БК. 22.10.1941 г. погиб. Stalag 302.

**Баян ТАНАТАРОВА**
***(по материалам Лейлы Ахметовой)***

# ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 81 ЖЫЛ



**РЕСПУБЛИКАМЫЗДА БҮГІНДЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАН 43 АРДАГЕР ЖӘНЕ 2038 ТЫЛ ЕҢБЕККЕРІ ӨМІР СҮРУДЕ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ТӨРТ СОҒЫС АРДАГЕРІ ТҰРАДЫ. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫНЫҢ АЛҒА АУЫЛЫНДА ТҰРАТЫН, ЖАСЫ 102-ГЕ КЕЛГЕН ЖАРЫҚБАСОВ СОЛТАНБАЙ АТА. ОЛ АУДАН МЕН ОБЛЫС ЖҰРТШЫЛЫҒЫНА КЕҢІНЕН ТАНЫМАЛ АРДАГЕР.**

Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай облыс аудандарындағы жасы 101-105-ке келген ардагерлерге аудан және облыс әкімдері арнайы барып, құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасады. Батырлық пен қайсарлықтың символына айналған соғыс ардагерлерінің өмір жолы мен Отан қорғаудағы ерлігі бүгінгі Қарулы Күштердегі генералдар, офицерлер, сержанттар мен сарбаздарға, сондай-ақ студенттер мен мектеп оқушыларына үлгі-өнеге болып қала береді.

**БАТЫРЛАРДЫҢ БАТЫРЫ**



Адамзат тарихындағы ең қанды әрі қатыгез соғыстардың бірі – Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 81 жыл толып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның өшпес ерлігі мен ерен еңбегін ұрпақ жадында жаңғырту өте маңызды. Екінші дүниежүзілік соғыстағы батырлардың ерлігі – бүгінгі және болашақ Отан қорғаушылар үшін шынайы үлгі-өнеге», – деп атап өткен болатын.

Соғыс жылдары Қазақстаннан 1 миллион 200 мыңнан астам азамат майданға шақырылды. Жалпы алғанда, 1 миллион 387 мың қазақстандық соғысқа қатысып, олардың жартысына жуығы туған жерге оралмады. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін 580 қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Шетелдік зерттеушілер өз еңбектерінде қазақ, қырғыз, башқұрт және татар жауынгерлерінің ерлігі туралы жоғары баға берген. Сол жылдары «Правда», «Красная звезда» газеттерінде қазақ сарбаздарының майдандағы қаһармандықтары жайлы көптеген мақалалар жарияланды.

Алматы облысынан 120 мыңнан астам жауынгер майданға аттанса, олардың 54-і Кеңес Одағының Батыры атанды. Еңбекшіқазақ өңірі де батырлар мекені саналады. Ауданнан әскерге шақырылған 15 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Бұрынғы Шелек және Еңбекшіқазақ аудандарынан шыққан жеті батырдың үшеуі соғыста ерлікпен қаза тапса, төртеуі Жеңіспен елге оралып, бейбіт өмірде еңбек етіп, қос майданның ардагерлері атанды. Бүгінде олардың есімдері мектептерге, көшелерге және музейлерге берілген.

Мен қызмет атқарған Ащыбұлақ ауылындағы А.Н. Бубенцов атындағы орта мектепке 1998 жылдан бастап Кеңес Одағының Батыры Рақымжан Тоқатаевты, тыл ардагері, әрі Кеген өңіріне танымал шаруашылық басшысы Ізбасар Құсайыновты, «Даңқ» орденінің толық иегері Ыбрайым Қалдыбаевты және басқа да ардагерлерді шақырып, ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен көптеген тағылымды кездесулер өткіздік.

Ардагерлердің ақ батасын алған шәкірттеріміз кейін жоғары оқу орындарына түсіп, үлкен жетістіктерге жетті. Сол жылдары мектебіміз республикадағы үздік 100 мектептің қатарына еніп, 29-орынға ие болды.

1998 жылдан бері әр жылы 9 мамыр – Жеңіс күні қарсаңында Кеңес Одағының Батырлары мен соғыс ардагерлерін мектептерге, колледждерге және ауыл әкімдіктеріне шақырып, кездесулер ұйымдастырып келемін. Бұл шаралар жергілікті баспасөз беттерінде жарық көріп, өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне өз үлесін қосты.

**ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ – РАҚЫМЖАН ТОҚАТАЕВ**

Кеңес Одағының Батыры Рақымжан Тоқатаев 1923 жылы Қаракемер ауылында дүниеге келген. 1935 жылы Есік бекетіндегі қазақ орта мектебін тәмамдап, туған ауылында мұғалім болып еңбек жолын бастайды.

1942 жылдың 9 тамызында әскер қатарына шақырылып, Өзбекстанның Шыршық қаласындағы артиллериялық училищеде білім алады. Кейін 672-танкке қарсы артиллериялық атқыштар полкі құрамында майданға қатысады.

Сұрапыл соғыста небәрі 19 жасында 21 танк пен 4 бронетранспортердің көзін жойып, ерекше ерлік көрсетеді. Курск доғасындағы, Житомир, Винница, Бердичев, Ужгород қалаларын және Чехословакияны азат ету шайқастарына қатысады.

Чехословакияны азат етудегі ерлігі үшін 1945 жылғы 29 шілдеде оған Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Жеңіс күнін Чехия жерінде қарсы алған батыр кейін Мәскеудегі Жеңіс парадына қатысып, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталады.

1950 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітіргеннен кейін ұстаздық қызметке оралып, 40 жылдан астам уақыт шәкірт тәрбиелейді. Есік қаласындағы А. Мәлкеев атындағы мектепте мұғалім, кейін ұзақ жылдар директор қызметін атқарды.

Рақымжан Тоқатаевтың 70, 75 және 80 жылдық мерейтойлары аудан және облыс көлемінде аталып өтті. Оның есімі Есік қаласындағы мектеп пен көшеге берілген. Мектепте батырға арналған музей жұмыс істейді. Ал 2014 жылы Ұлы Жеңіс күні қарсаңында Қаракемер ауылындағы Қ. Орынбетов атындағы мектеп алдында Кеңес Одағының Батырлары Қашаған Жаманғараев пен Рақымжан Тоқатаевқа арналған ескерткіш орнатылды.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні – халқымыздың ерлігі мен елдігін, батыр бабаларымыздың жанқиярлығы мен қаһармандығын ұлықтайтын қасиетті мереке. Батырлардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды, олардың өнегелі өмір жолы келешек ұрпаққа әрдайым рухани күш береді.

**Алжанбай Әсет Көшербайұлы,**
**запастағы капитан,**
**ҚР «Білім беру ісінің үздігі»**
**Еңбекшіқазақ ауданы,**
**Алматы облысы**

**ЕСТЕЛІК**

# «СЕН ҚАЗАҚ ӨЛМЕЙСІҢ» ДЕГЕН ЕДІ ОФИЦЕР МЫРЗА

***Жасым 74-те. Зейнеткер-ұстазбын. Өзім тарихшы болғандықтан патриоттық тақырыптарды қызығып оқимын. Кітап, газет-журналға деген қызығуым әлі де басылған жоқ. Менің алдыңғы жіберген екі мақалам газет бетіне шықты. Рахмет сіздерге! Ендігі ойым Ақтүбектен майданға аттанған аталарымыз туралы жаза берейін деп ойлаймын. Мақалаға қосымша ауылдан майданға аттанған, аман-есен оралған майдангер атамыздың суретін де ұсынып отырмын.***



Менің бүгінгі кейіпкерім: Алакөл ауданы, Ақтүбек ауылының тұрғыны болған Ұлы Отан соғысында таманша ерлік көрсеткен, аман-есен елге оралып, колхозда шалғы шауып, ел экономикасын көтеруге белсене қатысқан Жанқараұлы Несіпқазы атамыз.

Атамыз 1914 жылы туып, 1998 жылы 84 жасында ағайынның ортасында, бала-шағаның алдында, елге силы болып бақи дүниеге аттанды. Несіпқазы ата өте бойшаң, әрі денелі, қайратты адам болған (суретте ортада тұр).

Ардагердің ұлы Сержан бұл күнде әңгімелесе келе әкеден естіген естеліктерін былай деп айтып береді:

«Соғысқа аттанар күні ауылдағы Бошыбай деген құрдасы әкемді құшақтап тұрып «Несіпқазы, біз бір үйден 4 адам кетіп барамыз. Түбінде біреміз өлсек, біреміз келерміз. Ал сен жалғызсың, ұрпақсыз кетесің-ау» деп көзіне жас алған екен. Өкінішке қарай, олардың біреуі де оралмапты.

Несіпқазы ата 1941ж. тамыз айында майданға аттанады. Содан Алматыда 1 айдай дайындықта болып, қазан айында ұрысқа кіріседі. Батыс майданның генералы К.К.Рокосовский басқарған 16-шы армияның құрамында Москва қорғанысының шешуші учаскелерінің бірі Волоколомск майданына кіреді. Москваны қорғауда көрсеткен ерлігі үшін бірінші рет медалымен және мақтау грамотасын алады. «Бірақ мен оған қуанған жоқпын. Себебі қасымдағы ұрысқа кірген адамдардан санаулы-ақ адам қалыппыз», – дейді атамыз. Ұлы Сержанның айтуынша:

– Әкем Курск, Белоруссия, Чехословакия, Венгрияда болған. Сол кездегі Венгрияда жүргізілген үлкен операция туралы былай дейді:

– Бірде жоғары жақтан біздің взводқа арнайы тапсырма келді. Үш тәулік бойы Венгрия шекарасында біздің әскерлерді ілгері бастырмай, қынадай қырып жатқаны туралы хабар келіп түскен. Тапсырма келісімен таңдаулы деген 24-25 сарбазды алады. Қараңғы түсе межелі жерге келеді. Алдағы жау өте қауіпті. Ең бастысы сезік тудырмау. Ол үшін барлау жіберу керек. Қашанда тапсырманы мұқият, тыңғылықты орындап келетініме сенген командирдің таңдауы маған түсті. Барлауға жалғыз аттандым. Түн ортасы ауып кеткен. Өлі тыныштық. Еңбектей-еңбектей жеттім. Қарауыл отырған күйде жантайып ұйықтап қалған. Барлық көргенімді жеткізуге артқа қарай ұштым. Подъем! Бір минут бөгелуге болмайды. Барсақ барлығы сол қалпында ұйықтап кеткен. Тырп етуге шамаларын келтірмедік. Қаншама қарулар үйіліп жатыр. Азық-түлікті айтсаңшы! Қарауыл және жай солдат, 12-сі офицер екен. Қолға түскендердің барлығын штабқа алып кетті. Сонда командир риза болып, қолымды алып арқамнан қағып «үлкен ерлік жасадың», – деп, аты-жөнімді қалың дәптеріне жазып алып, «сен өлмейсің, қазақ», – деп арқамнан қағып еді.

Енді тапсырманы орындап, таң ата жүргелі жатқанымызда немістің 4 ұшағы келіп, астанкестенімізді шығарды. Ержүрек капитанымыз да бомбаның астында қалып, күл-паршасы шықты. Сонымен бағанағы 25 адамнан 3 орыс, 1 қазақ аман қалдық, – деп толғанады майдангер атамыз. Қара шаңырақтың иесі – Сержан: – Әкем, әттең, Берлинге жете алмай бір жамбастан, бір құлақтан, оң аяқтың 5 саусағынан айырылып елге аман-есен оралады. Соғыстан кейін әкем колхозда қайратты адам болғандықтан, қолмен жоңышқа шабудың шебері болады. Әкем өле өлгенше бір жерім ауырды деп, дәрі де ішіп көрмеген еді.



Бұл күнде Несіпқазы атамыздың ұрпақтары өсіп-өніп бір рулы ел айналды.

**Қаршыға ТҮГЕЛОВА,**
**Зейнеткер-ұстаз**
**Алакөл ауданы**

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 24 (1287) 19.06.2026 Алатау

# ЖҮРЕК САУЛЫҒЫ – ӘР АДАМНЫҢ ӨЗ ҚОЛЫНДА

**ДӘРІГЕРЛЕР КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ОБЛЫС КӨЛЕМІНДЕ АДАМ ЖАНЫН АРАШАЛАУҒА ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР ТУРАЛЫ ҚАЛАМ ТЕРБЕМЕСКЕ БОЛМАС. СОНДЫҚТАН ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ КАРДИОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ КАРДИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМДЕРІНІҢ МЕҢГЕРУШІСІ, ОБЛЫС БОЙЫНША LVAD ҮЙЛЕСТІРУШІСІ ТУРЫШЕВА ГҮЛФАЙРУЗ БОЛАТБЕКҚЫЗЫМЕН СҰХБАТТАСТЫҚ.**




Бала кезінен адам жанына араша түсіп, халық денсаулығына қызмет етуді армандаған Гүлфайруз Болатбекқызы өз мақсатына табандылықпен ұмтылып, медицина саласын таңдаған жан.

Ол 2013 жылы С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін үздік аяқтап, бүгінде жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеуде мол тәжірибе жинақтаған білікті маман. Кейіпкерімізбен кәсіби еңбек жолы мен жүрек саулығы төңірегінде сұхбатты өрбіткен едік.

**– Гүлфайруз Болатбекқызы, кардиология саласында қанша жылдан бері еңбек етіп келесіз? Неліктен бұл мамандықты таңдадыңыз?**

– Жалпы медицина саласындағы еңбек өтіліме 14 жылдан астам уақыт болды. Ал оның ішінде тікелей кардиология бағытында 8 жыл талмай қызмет етіп келемін. Қазіргі таңда осы орталықта кардиология және қабылдау бөлімінің меңгерушісі ретінде жұмыс атқарамын. Осы жылдар ішінде жүрек-қан тамырлары аурулары бар мыңдаған науқасқа көмек көрсетіп, кәсіби тәжірибемді ұдайы жетілдіруге мүмкіндік алдым.

Бұл мамандықты таңдауыма адамдардың денсаулығын сақтауға және олардың өмір сапасын жақсартуға деген ішкі үлкен ұмтылысым себеп болды. Жүрек – адам ағзасының ең негізгі өзегі. Жүрек ауруларының алдын алу, оны дер кезінде анықтау және тиімді емдеу арқылы науқастардың өмірін сақтап қалу мен үшін үлкен жауапкершілік, әрі биік абырой. Бұл сала үнемі жаңарып, дамып отырады. Сондықтан білімімді күн сайын жетілдіріп, заманауи медицинаның озық мүмкіндіктерін тәжірибеде қолдану мені әрдайым алға жетелейді, жаңа белестерге ынталандырады.

**– Қазіргі кезде жиі кездесетін жүрек ауруларының біздің өңірдегі көрсеткіші қандай?**

– Өкінішке қарай, бүгінгі таңда жүрек-қан тамырлары аурулары бүкіл әлемдегідей, біздің облыс тұрғындары арасында да ең жиі кездесетін, әрі өзекті мәселенің бірі болып отыр. Біздің орталыққа жүгінетін науқастардың басым бөлігі артериялық гипертония (қан қысымының жоғарылауы), жүректің ишемиялық ауруы және созылмалы жүрек жеткіліксіздігі дертіне шалдыққандар. Бұл көрсеткіш жүрек ауруларының қоғамда әлі де үлкен назар аударарлық дәрежеде екендігін аңғартады.

Жүрек ауруларының алғашқы белгілерін әрбір адам тани білуі тиіс. Көбінесе ол арқаның төс тұсының қысып немесе ашып ауруымен, сол жақ қолға, иыққа немесе жаққа қарай таралатын ауырсынуымен біленеді. Сондай-ақ, аз ғана күш түскенде демікпенің пайда болуы, жүректің бейберекет жылдам соғуы, бас айналу, аяқтың ісінуі және себепсіз тез шаршағыштық та – жүректің көмек сұрап жатқан алғашқы дабылдары.

Жүрек ауруларын ерте анықтау олардың инфаркт сияқты ауыр асқынуларының алдын алып, адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Сондықтан біз тұрғындарды профилактикалық тексерулерден уақытылы өтуге, қан қысымын тұрақты бақылауға, дұрыс тамақтануға, дене белсенділігін арттыруға және зиянды әдеттерден бас тартуға шақырамыз.

**– Облыста осы мамандық бойынша тапшылық бар ма? Әлде бәсекелестік бар ма?**

– Бүгінгі таңда облысымызда кардиология мамандығы бойынша айтарлықтай кадр тапшылығы жоқ деп толық сеніммен айта аламын. Жалпы алғанда, өңірімізде кардиолог мамандар жеткілікті және олар халыққа сапалы қызмет көрсетіп келеді. Дегенмен, кейбір медициналық ұйымдарда жекелеген бос орындардың кездесіп жататыны жасырын емес. Бірақ бұл жаппай тапшылық емес, көбіне белгілі бір елді мекеннің географиялық ерекшелігіне немесе мамандардың қызмет бабымен ауысуына байланысты туындайтын уақытша жағдайлар.

Сондықтан қазіргі таңда біздің салада кадр тапшылығынан гөрі, білікті мамандар арасындағы кәсіби бәсекелестік көбірек байқалады. Кардиология – заман ағымына сай үнемі ізденісті, білім мен тәжірибені тоқтаусыз жетілдіруді талап ететін өте күрделі сала. Осыған байланысты заманауи жоғары



технологиялық диагностика мен емдеу әдістерін жетік меңгерген, кәсіби деңгейі биік мамандарға сұраныс әрдайым жоғары. Бәсеке бар жерде – сапа мен даму бар.

**– Жүрек саулығын сақтау үшін қандай кеңес берер едіңіз?**

– Жүрек саулығын сақтау – әр адамның өз қолында. Ол үшін ең алдымен күнделікті өмірде қарапайым ғана салауатты өмір салтын әдетке айналдыру қажет. Дұрыс әрі теңгерімді тамақтану (тұзды, майлы тағамдарды азайту), күнделікті дене белсенділігі, артық салмақтың алдын алу және ең бастысы – шылым шегу мен ішімдік сияқты зиянды әдеттерден біржола бас тарту жүрек ауруларының даму қаупін айтарлықтай төмендетеді.

Бұған қоса, өз ағзаңыздың негізгі көрсеткіштерін бақылауда ұстау маңызды. Қан қысымын, қандағы қант пен холестерин деңгейін тұрақты тексеріп отыру қажет. Әсіресе, 40 жастан асқан азаматтарға жылына бір рет болсын профилактикалық скринингтерден уақытылы өтіп тұруды міндетті түрде ұсынамын. Сондай-ақ, заманауи өмірдің басты жауы – күйзелісті (стрессті) азайтып, ұйқының қанғанына мән берген жөн. Күйзеліс қан тамырларын тарылтып, жүрекке орасан зор салмақ түсіреді.

Жүрек ауруларының алдын алудың ең тиімді жолы – ауру асқынып кеткенде емдеу емес, оның қауіп факторларын алдын ала бақылау. Сондықтан әрбір адам өз денсаулығына жоғары жауапкершілікпен қарап, дәрігердің ұсыныстарын бұлжытпай орындап отырса, жүрегі де ұзақ әрі сергек соғары сөзсіз.

**– Кардиология ауруханасында бір күніңіз қалай өтеді? Жұмыс ырғағы қандай? Жалпы орталықтың бүгінгі қол жеткізген басты жетістіктеріне тоқталып өтсеңіз?**

– Біздің орталықтағы әрбір күн – үлкен жауапкершілік пен уақытпен жарыс десем артық айтқандық емес. Менің жұмыс күнім таңертең өткен тәуліктің кезекшілігін қабылдап алудан басталады. Сағат тура 08:30-да ауруханаішілік үлкен жиын өтеді. Онда қабылдау және кардиология бөлімдеріне жаңадан түскен науқастардың жағдайы, отадан кейінгі кезеңнен өтіп жатқандардың ахуалы, сондай-ақ жансақтау (реанимация) бөліміндегі ең ауыр пациенттердің жағдайы жіті талқыланады.

Осы жиыннан кейін бірден бөлім дәрігерлерімен бірге палаталарды аралауға (обход) кірісеміз. Әрбір науқастың жағдайын бағалап, емдеу тактикасын нақтылаймыз, қажет болса, консилиум жасап, шұғыл шешімдер қабылдаймыз. Реанимацияда жатқан, беті бері қараған науқастарды кардиология бөліміне ауыстыру мәселесін шешеміз. Тек науқастармен ғана емес, олардың тағатсыздана жақсы хабар күтіп отырған туыстарымен сөйлесіп, жағдайды сабырмен түсіндіру де – біздің күнделікті міндетіміздің маңызды бір бөлігі.

Біздің жұмыс тек жоспарлы кестемен ғана жүрмейді. Шұғыл жағдайда жеткізілетін ауыр науқастар, кенеттен нашарлаған пациенттер түскенде, бүкіл бөлім дереу әрекетке көшеді. Мұндай сәттерде уақытпен мүлдем санаспайсың, өйткені әрбір секунд – бір адамның өмірі. Сонымен қатар өзге ауруханалар мен медициналық ұйымдарға консультацияға бару, күрделі жағдайларды әріптестермен бірге талқылау сияқты жұмыстар да толастамайды. Әр күн – жаңа жауапкершілік, жаңа сынақ. Бірақ біз үшін ең үлкен қуаныш – науқастың жағдайы жақсарып,



үйіне сауығып қайтқан сәті.

Орталықтың жетістіктеріне келер болсақ, жақында ғана, дәлірек айтқанда 2026 жылдың 15 маусымында Жетісу облыстық кардиология орталығында өте маңызды, тарихи оқиға орын алды. Біздің орталықта науқасқа LVAD (жүректің сол жақ қарыншасының қосалқы қан айналымын қамтамасыз ететін құрылғы) имплантациясы сәтті жасалды. Бұл біздің орталық үшін ғана емес, жалпы бүкіл өңір медицинасы үшін орасан зор жетістік.

LVAD имплантациясы – жүрек жеткіліксіздігінің ең соңғы, терминалдық сатысындағы науқастардың өмірін ұзартуға және оның сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін жоғары технологиялық емдеу әдісі. Мұндай күрделі операцияның біздің өңірде орындалуы – өңіріміздегі кардиохирургиялық және кардиологиялық қызметтің қаншалықты жоғары деңгейге көтерілгенін, дамығанын анық көрсетеді.

Қазіргі таңда Жетісу облыстық кардиология орталығы жүрекке жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету бойынша 7-категорияға кіреді. Бұл өз кезегінде бізге ең күрделі кардиохирургиялық оталарды өз орталығымызда сәтті орындауға және заманауи емдеу әдістерін кеңінен енгізуге мүмкіндік береді. Осындай ауқымды жетістіктердің барлығы – біздің ұйымшыл ұжымның бірлескен қажырлы еңбегі мен жоғары кәсіби біліктілігінің айқын нәтижесі.

**– Болашақ дәрігерлерге қандай кеңес берер едіңіз? Қазақстандағы кардиология саласының болашағын қалай бағалайсыз?**

– Болашақ әріптестеріме, медицина жолын таңдаған жас мамандарға ең бірінші айтарым – бұл мамандықты шынайы жүрекпен, үлкен махаббатпен таңдау қажет. Дәрігер болу – жай ғана диплом алып, жұмысқа тұру емес. Бұл – үлкен жауапкершілік, адам өміріне тікелей шипа болуды көздейтін қасиетті миссия.

Үнемі білім алып, тоқтаусыз ізденісте болу – дәрігерге қойылатын ең басты талап. Заманауи медицина бір орнында тұрмайды, күн сайын қарыштап дамып келеді. Сондықтан әлемдік деңгейдегі жаңа технологиялар мен озық емдеу әдістерін дер кезінде меңгеріп отыру өте маңызды. Ал алған теориялық білімді күнделікті тәжірибемен шебер ұштастыра білу керек.

Дәрігердің бойындағы ең асыл қасиет – науқасқа деген шынайы жанашырлық пен әрбір пациентке жеке тұлға ретінде құрметпен қарау. Дертке шалдыққан жанға кейде дәрі-дәрмектен бұрын дәрігердің жылы сөзі, мейірімді көзқарасы мен қолдауы үлкен шипа болады. Сонымен қатар, бұл мамандық адамнан шексіз шыдамдылық пен темірдей сабырлылықты талап етеді. Себебі бұл жолда қиын сәттер де, ұйқысыз түндер де, үлкен психологиялық жүк те аз болмайды. Бірақ соның бәрін жеңіп, науқастың сауығып, ризашылықпен алғыс айтқан сәтін көру – дәрігер еңбегінің ең биік, ең үлкен марапаты.

Ал еліміздегі кардиология саласының болашағына өте үлкен сеніммен және оптимизммен қараймын. Бүгінде Қазақстан кардиологиясы әлемдік деңгейдегі күрделі оталарды өз елімізде жасауға қауқарлы, жоғары технологиялық деңгейге жетті. Оған біздің орталықта жасалып жатқан бірегей оталар дәлел. Алдағы уақытта бұл сала бұдан да биік белестерді бағындырады деп толық сенемін.

**– Сұхбатымызды қорытындылай келе, халыққа жүрек саулығын сақтау бойынша ең басты үш кеңесіңізді айтып өтсеңіз?**

– Жүрек – адам ағзасының ең басты моторы, ал оның саулығы – тікелей біздің күнделікті әдеттерімізге байланысты. Медицинада жүрек ауруларының басым бөлігі алдын алуға болатын қауіп факторларымен тығыз байланысты екені дәлелденген. Сондықтан мен оқырман қауымға мынадай ең басты үш алтын қағиданы жүректеріне тоқып жүруді ұсынар едім:

**Бірінші кеңес: Дұрыс тамақтану және тұрақты белсенді қозғалыс.** Күнделікті ас мәзірінде майлы, қуырылған және аса тұзды тағамдарды барынша шектеп, жас көкөністер мен жеміс-жидектерді көбейту қажет. Бұл артық салмақтың алдын алып, жүрекке түсетін салмақты азайтады. Бұған қоса, күніне кем дегенде 30-40 минут жаяу жүруді, жеңіл жаттығулар жасауды дағдыға айналдырыңыз. Қозғалыс бар жерде – өмір бар, белсенділік жүрек бұлшық етін шыңдай түседі.

**Екінші кеңес: Зиянды әдеттерден бас тартып, психоэмоционалдық тұрақтылықты сақтау.** Шылым шегу – қан тамырларын улап, инфарктқа апаратын ең қысқа жол. Зиянды әдеттерден толық бас тарту жүрек дертінің қаупін бірнеше есе төмендетеді. Сондай-ақ, заман ағымында күйзелісті (стрессті) басқара білу, жеткілікті ұйықтау және ішкі тыныштықты сақтау өте маңызды. Мазасыздық пен ашу-ыза ең алдымен жүректі жаралайды.

**Үшінші кеңес: Өз көрсеткіштеріңізді бақылау және уақытылы тексерілу.** Үйде қан қысымын тұрақты өлшеп, қандағы қант пен холестерин деңгейін жүйелі түрде тексертіп отыруды әдетке айналдырыңыз. Жылына бір рет болсын емханаға барып, профилактикалық скринингтен өтіңіз. Ауруды асқындырмай, ерте анықтаудың ең тиімді жолы осы.

Ұмытпаңыздар, жүрек саулығы – әр адамның өз қолында. Аурудың алдын алу аурудан оны емдеуден әлдеқайда жеңіл әрі тиімді. Жүректеріңіз тек қуаныштан ғана лүпілдесін!

**– Мағыналы сұхбатыңыз бен құнды кеңестеріңізге көп рақмет! Кәсіби мерекеңіз құтты болсын!**

*Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ*

**ШЕКАРА ШЕБІНДЕ**

## ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАРДА МАРАПАТТАЛДЫ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының консультанты майор Н.Ерғазиев Жетісу облысы ішкі саясат басқармасы ұйымдастырған «Көптілді ортада мемлекеттік тілді оқыту және тілдік кедергіні еңсеру жолдары» тақырыбындағы ашық облыстық семинарға қатысып, грамотаға ие болды.

Марапат майор Н.Ерғазиевтің мемлекеттік тілді дамытуға, оның қолданыс аясын кеңейтуге және тіл саясатын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін табысталды. Аталған жетістік шекарашылардың қоғамдық және мәдени бағыттағы іс-шараларға белсенді қатысуының жарқын көрінісі.

## ШЕКАРАШЫ ШАХМАТТА ТОП ЖАРДЫ



Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қолдауымен ұйымдастырылған «Senat Open» ашық шахмат турнирінде ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің консультанты, майор Нұржан Сағатбеков жоғары нәтиже көрсетті. Талдықорған қаласында өткен ширек финалда үздіктер қатарынан көрініп, келесі кезеңге жолдама алды.

Өскемен қаласында өткен «Senat Open» III ашық кубогінің Шығыс аймақтық жартылай финалында шекарашы офицер күштік құрылымдар арасында жүлделі II орынды иеленіп, арнайы дипломмен марапатталды.

Бұл жетістік шекарашылардың қызметте ғана емес, зияткерлік спортта да жоғары дайындық деңгейіне ие екенін көрсетті.

## ШЕКАРАШЫЛАР ВОЛЕЙБОЛДАН ҮЗДІК АТАНДЫ



Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт кешенінде ҚР Қорғаныс министрлігі 18404 әскери бөлімінің ұйымдастыруымен әскери бөлімдер мен құқық қорғау органдары арасында Әскери прокурор кубогына арналған волейболдан чемпионат өтті.

Тартысты өткен жарысқа өңірдегі әскери бөлімдер мен күштік құрылымдардың командалары қатысып, жоғары ойын өрнегін көрсетті. Командалар топтық кезең мен финалдық кездесулерде өзара бақ сынады.

Нәтижесінде ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының құрама командасы барлық қарсыластарынан басым түсіп, жүлделі I орынды иеленіп, Әскери прокурор кубогын жеңіп алды.

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті**

## ТЯНЬ-ШАНЬ ҚОҢЫР АЮЫН ҚОРҒАУ

***Тянь-Шань қоңыр аюы мен қар барысы таулы аймақтарды мекендейтін сирек әрі айрықша жануарлар. Бұл аңдар – таулы аймақтардың эко жүйесінде табиғаттың тепе-теңдігін сақтаушы ірі жыртқыштар.***

Соңғы жылдары облысымыздың таулы аумақтарында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген Тянь-Шань қоңыр аюы мен қар барысының үй жануарларына шабуыл жасау деректеріне байланысты арыз-шағымдар жиілеп отыр. Осыған байланысты Таулы аймақта тұратын тұрғындар мен орман қоры жеріне жайлауға шыққан тұрғындар қарамақтарыңыздағы үй жануарларын бақташысыз және қараусыз қалдырмауларыңызды сұраймыз.

Сондай-ақ орман қоры аумағында орман пайдаланушылар мен заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуір №145 бұйрығымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидалары» талаптарын сақтауларыңызды және Тянь-Шань қоңыр аюы мен қар барысын аулауға, негізсіз мекен ету ортасынан басқа жерге көшіруге, өзге де әсер ету шараларын қолдануға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынғанын ескертеді.

«Қапал орман шаруашылығы» КММ-нің аумағында жануарлар дүниесін қорғау және биологиялық алуан түрлілікті сақтау бағытында мекеме қызметкерлері тарапынан түсіндіру жұмыстары мен рейдтер жүргізілуде. Тянь-Шань қоңыр аюы мен қар барысы тек жыртқыш аң ғана емес, ол таулы табиғаттың символы. Оның сақталуы – тұтас экожүйенің сақталуы. Жетісу Алатауының аумағында тіршілік етіп жүрген қоңыр аюы мен қар барысы – келер ұрпаққа аман жетуі тис, баға жетпес табиғи мұра.

**С.А.РАХИМБЕРГЕНОВ,**
**«Қапал орман шаруашылығы» КММ-нің аңшы маманы**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ: ПРОФИЛАКТИКАНЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

**Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімі қоғамның тұрақты дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен адалдығын қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселесі ерекше маңызға ие. Осыған байланысты мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын сақтау ғана емес, олардың профилактикасын жүйелі түрде жүргізу де мемлекеттік органдардың басты міндеттерінің біріне айналды.**

Сыбайлас жемқорлық – мемлекет пен қоғамның дамуына кедергі келтіретін, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін қауіпті әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің беделін төмендетіп, халықтың билікке деген сеніміне кері әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басым бағыты құқық бұзушылықтардың салдарымен күресу емес, олардың туындауына жол бермеу. Яғни, профилактика – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың ең тиімді тетігі.

Профилактикалық жұмыстардың негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын түсіндіру, әдеп нормаларын сақтау мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту. Осы бағытта мемлекеттік органдарда тұрақты түрде семинарлар, дөңгелек үстелдер, түсіндіру кездесулері ұйымдастырылып келеді. Мұндай іс-шаралар қызметкерлердің заңнамадағы өзгерістер туралы хабардар болуына және қызмет барысында құқық бұзушылықтарға жол бермеуіне ықпал етеді.

Мемлекеттік органдарда ішкі бақылау тетіктері жетілдіріліп келетінін атап өткен жөн. Ішкі талдау жүргізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оларды жою бойынша нақты шаралар қабылдау профилактикалық жұмыстың ажырамас бөлігі. Мұндай тәсіл құқық бұзушылықтардың алдын алып қана қоймай, басқару процестерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарының профилактикасы тек құқықтық шаралармен шектелмеуі тиіс. Бұл ең алдымен адалдық, жауапкершілік және әділдік қағидаттарына негізделген басқару мәдениетін қалыптастыру процесі. Әрбір мемлекеттік қызметші заң талаптарын мүлтіксіз орындап, қоғам мүддесін қызмет етуді басты ұстаным ретінде қабылдаған жағдайда халықтың сенімі нығая түседі.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарының профилактикасы құқық бұзушылықтардың алдын алудың, мемлекеттік басқару сапасын арттырудың маңызды құралы. Сондықтан профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыру және адалдық қағидаттарын насихаттау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

**Динара ЕРКІНБЕК,**
**Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Жетісу облысы бойынша департамент басшысының орынбасары**

## РОЛЬ СУДЕБНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ В РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**РАЗВИТИЕ РЫНОЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ В ЭКОНОМИКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОБУСЛОВЛИВАЕТ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ СПОРЫ, РАЗРЕШАЕМЫЕ СУДОМ В ГРАЖДАНСКОМ ПОРЯДКЕ, А ТАКЖЕ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И НАЛОГОВЫЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ. КАК ПРАВИЛО, ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ ВЛЕКУТ ЗА СОБОЙ ПРИЧИНЕНИЕ МАТЕРИАЛЬНОГО ВРЕДА ГОСУДАРСТВУ В ВИДЕ НЕУПЛАЧЕННЫХ НАЛОГОВ, ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ В ВИДЕ НЕДОСТАЧИ, РАБОТНИКАМ В ВИДЕ НЕ ВЫПЛАЧЕННЫХ СУММ ЗАРАБОТНОЙ ПЛАТЫ И ДРУГИЕ. БОРЬБА С ЭКОНОМИЧЕСКИМИ ПРАВОНАРУШЕНИЯМИ СЕГОДНЯ ПРИОБРЕЛА ХАРАКТЕР ЧРЕЗВЫЧАЙНО АКТУАЛЬНОЙ ПРОБЛЕМЫ. ОСНОВНОЙ ЗАДАЧЕЙ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЯВЛЯЕТСЯ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ГОСУДАРСТВА ПУТЕМ БЫСТРОГО И ПОЛНОГО ПРОИЗВОДСТВА РАССЛЕДОВАНИЯ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЯМ, СОВЕРШАЕМЫМ В СФЕРЕ ЭКОНОМИКИ.**

Как известно из уголовно-процессуального, гражданско-процессуального и административного законодательства, назначение экспертизы является средством получения доказательств. Судебно-экономическая экспертиза является основным доказательством при расследовании преступлений в сфере экономики. Назначение судебно-экономической экспертизы является важным следственным действием, от четкого и правильного проведения которого во многом зависят качество и сроки расследования по делу. Производство экспертизы представляет собой процессуальное действие, состоящее в исследовании экспертом по заданию следователя или суда вещественных доказательств и иных материалов с целью установления фактических данных и обстоятельств.

Назначаются эти экспертизы, правоохранительными органами по расследованию дел и судами в результате возникновения споров, когда решаются вопросы экономики в правоотношениях. Целями судебно-экономической экспертизы является исследование действительного финансового положения предприятия, выявление ошибок или намеренного подлога документации, установление нарушений при ведении бухгалтерского и налогового учета, а также предупреждение правонарушений в хозяйственной деятельности организаций.

Проведение экспертизы должно происходить в соответствии с уголовно-процессуальным, гражданско-процессуальным законодательством и иными нормативными актами Республики Казахстан, регулирующими судебно-экспертную деятельность, и не должно нарушать прав участников процесса, так как доказательства, полученные с нарушением закона, признаются не имеющими юридической силы и не могут быть положены в основу обвинения, а так же использоваться для доказывания обстоятельств. Заключение эксперта, так же как и любое другое доказательство, не имеет заранее установленной силы и должно оцениваться в совокупности с иными доказательствами.

Для установления истины по делу могут назначаться и проводиться дополнительные, повторные, комиссионные и комплексные экспертизы. От своевременного и правильного проведения экспертизы зависит завершение расследования дел в установленные сроки. Соблюдение норм законодательства при назначении и проведении судебно-экономической экспертизы, правильное использование следователем данных экспертизы содействуют раскрытию преступления, установлению действительных размеров причиненного ущерба и их взысканию с виновных, принятию необходимых профилактических мероприятий по сохранению собственности.

Выводы этих экспертиз используются при расследовании дел о расхищении государственного, общественного и личного имущества, халатности, злоупотреблении служебным положением, фальсификации результатов финансовой деятельности, приписках и других искажениях отчетности и учета производственной и финансово-хозяйственной деятельности, причинении ущерба государственным, частным и общественным предприятиям и организациям, а также отдельным гражданам.

Назначить судебно-экономическую экспертизу, а также получить информацию по назначению и проведению экспертиз и исследовании можете по адресу: область Жетісу, город Талдыкорган, поселок Отенай, улица Жасулан 2Б. Тел/факс: 8(7282) 41-04-21.

**Курманбаева М.Ж.**
**ведущий эксперт Института судебных экспертиз по области Жетісу.**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

# ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРСАҚ...

***МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ МӘРТЕБЕСІН ӨСІРІП, МЕРЕЙІН ТАСЫТУ ЖОЛЫНДА ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДЕ ІРГЕЛІ ІСТЕР ІСТЕЛІП ЖАТЫР. БҰҒАН КӨП ҰЛТТЫҢ ӨКІЛДЕРІ МЕКЕНДЕЙТІН, ДОСТЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ АТАНҒАН ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕКЕНІ ДЕ АЙҚЫН ДӘЛЕЛ. БҰЛ ЖӨНІНДЕ ЕЛІМІЗДЕГІҚАБЫЛДАНҒАН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТІЛДЕР ТУРАЛЫ» ЗАҢДА, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ТУРАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДА ДА БАСА АЙТЫЛҒАН. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТ БІРЛІГІ» ДОКТРИНАСЫНДА ДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕҢГЕРУ БҰДАН БЫЛАЙ «...ӘРКІМНІҢ ПАРЫЗЫ МЕН МІНДЕТІ», – ДЕП АТАП КӨРСЕТІЛГЕН.***

Сондықтан қазақ тілі өзіне лайықты тұғырына сай қолданылуы үшін билік пен бұқара тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс. Осы маңызды мәселелені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Мәселен, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Біз сот саласында қызмет істеп жүргендіктен күнделікті жұмысымызда кездесіп, көзге ұрып тұратын кемшіліктерді тілге тиек ете кетейік. Жасыратыны жоқ, сот төрелігін жүзеге асырудағы сот ісінің тілі туралы қағидаттың сақталмауына байланысты бірқатар кемшіліктерге жол беріліп жатады. Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жәбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз кездеспейді. Сондықтан іс сотқа келіп түскенде, кейде жәбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отырған жағдайларды көп кездестіреміз. Бұған қоса қорғаушылар тарапынан да өздерін қорғауындағы адамдарды өздерінің айтқандарына көндіріп, айдағандарына жүргізуге тырысатынын да кездестіріп жатамыз. Оны, әсіресе, процестер кезінде анықтап жатамыз. Демек, мұндай кемшіліктерді түзетіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырғымыз келсе, бірінші кезекте қарапайым халықтың құқықтық сауатын ашуымыз қажет. Олар өздерінің конситуциялық құқықтарын, сотқа меңгерген тілінде, ана тілінде арыз беруіне, жауап беруіне құқығы бар екенін бастапқы тергеу амалдары кезінде толық пайдаланып, заңның бұрмалануына жол бермейтіндей дәрежеге жеткізу керек. Ендеше осындай олқылықтардың орнын толтырар болсақ мемлекеттік тілде қаралатын істердің саны да анағұрлым артары даусыз.

**Ернар ҚҰРМАНҒАЛИ,**
**Талдықорған қалалық сотының бас маманы**

АЛИМЕНТ

# АЖЫРАСПАС БҰРЫН ӘБДЕН ОЙЛАНҒАН АБЗАЛ

Бүгінгі таңда айрандай ұйып отырған отбасынан болмашы себептермен ажырасып кетіп, бауыры еті балаларына алимент төлеуден жалтарып, бой тасалап жүрген азаматтардың қатары аз емес. Біз бұған өзіміздің қызметтік міндеттерімізді орындау үстінде көз жеткізіп келеміз. Осы тұста қазағымыздың ежелгі дәстүрлерін еріксіз еске алуға тура келеді. Біздің халқымыз ежелден аталы сөзге тоқтап, сөз қадірін білген, аңғалдығы мен адалдығын жоғалтпаған дана халық едік. Осы қасиеттеріміз бола тұра ұлттық санамыздың улануы ма, әлде жаһандану толқынының әсері ме, жылдан-жылға даукес болып барамыз. Дәстүрлі құндылықтар құнсызданып, материалдық игіліктер көбірек дәріптелетін бүгінгі қоғамда адамдар да бір-біріне деген мейірім мен сыйластық азайып, қатыгезденіп барады. Бізде ажырасу мен ажырату оңай шешілетін шаруаға айналған. Ажырасуды қоғамымыз қор көрмейтін болған соң жасы да, кәрісі де оған арланбайтын болды. Сондықтан бұл әлеуметтік құбылыспен қоғам болып бірігіп күресуіміз керек. Ал тағдыры қыл үстінде тұрған отбасыларға ақсақалдардың кеңесі, медиаторлар мен кәсіби психологтардың, тиісті ұйымдардың жүйелі көмектері қажет. Сондықтан ерлі-зайыптылар балаларының болашағын, олардың алаңсыз өмір сүріп, ержетуін ойласа, ажырасу қадамына жеті өлшеп, бір кесіп қана шешім қабылдағандары жөн болар. Сайып келгенде, ажырасып алып алимент төлеуден қашып жүргенше, отбасының бірлігін сақтап, бақытты өмір сүрген артық емес пе?

Орай келгенде, алимент төлеу жөнінде мағлұматтарды тағы да еске сала кетейік. Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасасуға құқылы. Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады. Ата-аналардың алимент төлеу туралы келісімі болмаған кезде, кәмелетке толмаған балаларға күтіп-бағу қаражаты берілмеген кезде және сотқа талап арыз берілмеген кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алимент өндіріп алу туралы талап арыз беруге құқылы. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға – ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің төрттен бір бөлігін; екі балаға – үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға – тең жартысын өндіріп алады.

***Жомарт ЖОЛБОСЫНОВ,***
***Жетісу облысының жеке сот орындаушысы***

МАМАН МІНБЕРІ

***Біздің елімізде қылмыстық әділ соттың мақсаты қоғамды тұтастай қорғау. Сондықтан, қылмыстық сотқа жататын кез келген іс-әрекет қоғамдық қауіпті деп саналады. Атап айтқанда, мұндай әрекеттер құқық бұзушылық. Бүгінгі шағын мақаламызда осы құқық бұзушылықтың мән-мағынасы туралы оқырмандарға қысқаша мағлұмат бере кетуді жөн көрдік.***

# ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ

Құқық бұзушылық – бұл әрекетке қабілетті тұлғаның құқық нормаларының ұйғарымдарына қайшы келетін, басқа тұлғаларға залал келтіретін және заң жүзінде жауапкершілікке тартылуыға әкеліп соғатын қылмыстық әрекеті. Әрбір құқық бұзушылық қоғамдық, мемлекеттік немесе жеке бастың мүдделеріне залал келтіреді, қоғамдық қауіпсіздік құқық бұзушылық белгісі ретінде құқық бұзушылық жасау нәтижесінде жеке тұлғаның, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне зиян келтіреді.

Құқық бұзушылықтың ең қауіпті түрі – қылмыс. Қылмыстар дегеніміз – қоғамдық қауіпті, қылмыстық заңдармен тыйым салынған, адамгершілік тұрғыдан соттала-тын, айыпты деп табылған, жазаланатын, мемлекеттік конституциялық құрылысына, оның саяси және экономикалық жүйесіне, азаматтардың құқықтары мен бостандық меншігінің бекітілген түрлеріне қастандық келтіретін немесе құқықтық тәртіпті бұзатын, сондай-ақ, мемлекеттің, қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіретін іс-әрекеттер.

Қылмыс – қоғамдық қаупінің жоғарғы дәрежесі және жеке тұлғаға, мемлекетке, қоғамға анағұрлым ауыр зиян келтіреді. Қылмыстар мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негіздеріне, азаматтардың жекеменшігіне, жеке басына және құқығына, қарулы күштер қауіпсіздігіне қастандық жасайды, әрі қылмыстық жаза шараларын қолдануға әкеп соғады. Яғни, кез келген қылмысқа қарсы лайықты заң жүзінде жауапкершіліктер белгіленген.

Заң жүзіндегі жауапкершілік заңдылық принципіне, сондай-ақ, гуманизмге, әділдік пен демократизмге негізделген және құқық бұзушылық құрамы болған жағдайда ғана мүмкін болуымен айқындалады. Атап айтқанда, құқық бұзушыға жаза тағайындау мақсатында қолданылады және оның мақсаты – құқық бұзушыны қайта тәрбиелеу (келешекте құқық бұзушылық жасаудың алдын алу). Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп немесе залалдың орнын толтырып немесе сөгіс алғаннан кейін айыпкер азаматтастарының қатарында қалады да, одан әрі өмір сүріп, жұмыс істеуін жалғастырады. Заң жүзіндегі жауапкершіліктің негіздемесі – құқық бұзушылық.

Субъектінің тәртібі құқық бұзушылық белгілеріне жатпаса, онда бұл тұлға заң жүзіндегі жауапкершілікке жатпайды. Заң жүзіндегі жауапкершілік – бұл күрделі әлеуметтік процесс. Ол құқықтық нормалардың белгілеулерін бұзу нәтижесінде туады және құқық бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану түрінде көрінеді. Заң жүзіндегі жауапкершіліктің басты мақсаттары құқық тәртіптерін қорғау және азаматтарды құқықты құрметтеу рухында тәрбиелеу деп санауға болады. Заңға және құқыққа құрметпен қарау әрбір адамның жеке наным-сенімі болып қалуы керек.

**Сандуғаш ЕРМАҒАНБЕТОВА,**
**Көксу аудандық сотының судьясы**

МЕДИАЦИЯ

# ҚОС ТАРАПҚА ДА ТИІМДІ ТӘСІЛ

**Қазіргі қолданыстағы Азаматтық процестік кодексте алға қойылған міндеттерді орындауда дауларды реттеудің соттан тыс және сотқа дейінгі тәртібіне, соттағы татуласу рәсімдеріне көңіл бөлінді. Істердің жеке санаттары бойынша дауларды сотқа дейін реттеудің міндеттілігі көзделді. Тараптар шарттарда дауды медиатормен, нотариуспен немесе адвокатпен сотқа дейінгі реттеу міндеттілігін қарастыра алады.**

Соттарға жүктемені азайтудың басты жолы – тараптар арасындағы дауды медиация рәсімімен шешу. Дауды медиация жолымен немесе сот арқылы шешуді таразылайтын болсақ, сот шешімді құқық пен заңды негізге ала отырып қабылдайды, ал медиация тәртібінде тараптар өздері бірлесе отырып шешім қабылдайды. Дау сот тәртібімен қаралған жағдайда қорғаушыға төленетін шығындар, мемлекеттік баж төлемдері, сараптама жүргізу шығындары бар. Ал медиация тәртібінде тек медиаторға ғана төленетін шығындар болады. Сот тәртібімен дауды шешу ұзақ уақытты алатын болса, медиацияда азаматтық құқықтық қатынастар бойынша 30 күннен аспайтын мерзім ішінде қаралады. Осылайша дауды сотқа дейін реттеу тараптарға дауды (жанжалды) қысқа мерзімде, материалдық және моральдық аз шығындармен шешуге мүмкіндік береді. Сотта дау жария түрде ашық қаралса, ал медиация тәртібінде жабық түрде екі тараптың келіссөздерге келуі арқылы оңтайлы шешім қабылданады.

ҚР «Медиация туралы» Заңының 3 бабының талаптарына сәйкес медиацияның мақсаттары мыналар: 1) дауды (жанжалды) шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу;

2) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Осы Заңның 4 бабының талаптарына сәйкес медиация мынадай қағидаттар негізінде жүргізіліді: 1) еріктілік;

2) медиация тарапының тең құқылығы;

3) медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы;

4) медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік;

5) құпиялық.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болған кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (даушарларға) медиация рәсімі қолданылмайды Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша да медиация рәсімі қолданылмайды.

Бітімгершілік – дауды шешудің озық әдісі. Ұсақ-түйек келіспеушіліктердің бітімгершілікпен шешілуі, қиын істердің сапалы қаралуына ықпал етіп, азаматтардың уақытын үнемдеп, сот барысында орын алатын моральдық, материалдық қиындықтардан құтқарады.

***Жанар МҰХАТАЕВА,***
**Текелі қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы**

БӘРЕКЕЛДІ

# ҚАЙРАТ ҚЫРҒЫЗСТАННАН ҚОС АЛТЫНМЕН ОРАЛДЫ

**Маусымның 12-15 күндері аралығында Қырғызстан Республикасының Чолпон-Ата қаласында UNIFIGHT әмбебап жекпе-жек спорт түрінен Азияның ашық чемпионаты өткізілді. Осы байрақты бәсекеде Талдықорған қаласы 54380 әскери бөлімінің сержанты Қайрат Бауыржанұлы Аубакиров тамаша табысқа жетіп, Унифайт әмбебап жекпе-жек спорт түрі бойынша қос алтын медальға қол жеткізіп, Азияның екі мәрте жеңімпазы атанды.**






Қырғыздың көрікті қаласына сары құрылықтың көптеген мемлекетінен сайдың тасындай іріктелген білекті де жүректі жігіттері жиналып, бақтарын сынады. Солардың арасында Қайрат та Қазақстанның көк туын көкке көтеріп, желбірету жолында жанкешті жекпе жектер өткізді. 85 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Қайрат барлық жекпе жектерінде қарсыластарынан айласын асырып, айқын жеңіске жетті. Әсіресе, алтын медаль үшін болған ақтық айқаста Өзбекстанның өкілімен тайталасқа түскенде Қайрат нағыз шыңдалған шеберлік пен жеңіске деген жігерлілік танытты. Сөйтіп, азулы қарсыласының осал тұсын тауып, тізе бүктірді. Осылайша, Қайрат Аубакиров өз салмақ дәрежесі бойынша топжарып, жеңіс тұғырының ең жоғары сатысына көтеріліп, еліміздің Әнұранын асқақтатып, Көк туын желбіретті.

Бұл жеңісімен шектелмей біздің жауынгер өзімен бірге Қырғызстанға еріп барып, ақыл кеңесін айтып, жан-жақты қолдау көрсетіп жүрген өзінің бапкері Жандос Асқарбекұлымен ақылдаса келе 35 жастан жоғары ардагер спортшылар арасында өткен жарысқа да қатысып, бағын сынап көруге бел буды. Абырой болғанда, бұл сында да Қайраттың асығы алшысынан түсті. Ол шаршы алаңдағы айқастарының бәрінде айқын басымдылықпен жеңіске жетті. Азия чемпионының жеңімпазы атағы жолындағы шешуші кездесуде тәжірибелі түрік спортшысының жолын кесіп, өз салмақ дәрежесі бойынша жеңімпаз атанды. Сөйтіп, Қайрат ардагер спортшылар арасында Азия чемпионы атанып, алтыннан алқа тағынды.

Осы жетістіктерінің арқасында Қайрат Аубакиров енді Түркияда өтетін әлемдік чемпионатқа да қатысып, ел намысын қорғау жолдамасын жеңіп алды.

Қырғыз елінен қос алтынды қоржынына салып әкелген жерлесіміз Қайратты тамаша табысымен құттықтап, жарқын жеңістерінің сыры жайлы сұрағанымызда:

– 5 жылға жуық «Арыстан жекпе-жек» клубында білікті де білімді бапкер Жандос Асқарбекұлының жетекшілігімен осы спорт түрінің қыры мен сырын үйреніп келемін. Бұл спорт түрі жалықпай жаттығуды, темірдей төзімділікті, ептілік пен ерлікті талап етеді. Сондықтан қарсыласыңнан мысың басым болу үшін тек қана білек күші ғана емес батылдық пен жүректілік талап етіледі. Ұрымтал сәтте батыл қимылдамасаң, қарсыласыңа есе жіберіп алуың ғажап емес. Сондықтан осы «Арыстан жекпе-жек» клубында күнделікті шеберлігімізді шыңдаумен үзбей шұғылданып келеміз. Осылайша, еткен еңбек, төккен тер өз төлеуін беруде. Орайы келгенде, 54380 әскери бөлімінің командирі подполковник Ренат Рахимжанович Абілтаевтың атына зор алғыс білдіргім келеді. Командиріміздің әр жауынгерден шыныққан шымыр болуды, қайтпас қайсарлықты, жасымас жігерлілікті қатаң талап етуі және сондай дәрежеге жету үшін қолайлы жағдайлар туғызып, түрлі секцияларға барып жаттығулармен шұғылдануға, әртүрлі деңгейдегі жарыстарға қатысуға мүмкіндік жасап отыруының арқасында осындай жетістіктерге жетіп жүрміз, – деп Қайрат ағынан жарылды.





Айта кету керек, Қайрат 2025 жылы да Қырғызстанда өткен Азия біріншілігінде алтыннан алқа тағынған екен. Енді жігерлі жауынгерімізге алдағы уақытта да жеңісті жолын жалғастыра беруді тілейміз!

**Ш.ХАМИТОВ**

ӘРТІСТІК ЖҮЗУ

# ОН ЖЕТІ МЕДАЛЬ ОЛЖАЛАДЫ

***Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2026 жылы 6-7 маусым күндері аралығында Алматы қаласында әртістік жүзуден «Rakhat Fitness Aqua Motion Cup» Халықаралық турнирі өтті.***









Жарысқа 150 спортшы қатысты. Сүйсінерлігі сол, бұл жарыста Жетісу облысы спортшыларының қоржындары қомақты болды. Атап айтсақ, жерлестеріміз жалпы саны 17 медальға ие болды. 13-15 жастар арасында Айша Маратова, Амина Жанатбек, Дария Айтбек, Эвелина Нұрғалиева, Айзере Абай алтыннан алқа тағынып, спортшыларымыз спорт шеберлігіне үміткер атағын орындады.

12 жас және одан кіші жасөспірімдер арасында, Назкерім Керімбек, Жібек Сайын, Аруна Нұрбосын, Алиша Тұрсынбек, Каролина Овчинникова, Назым Төлеген, Медина Айдосқызы, Нұрай Баймырза, Алиса Белоусова, Қарақат Темірбек екінші орынға ие болып, күміс медаль еншіледі.

Айта кету керек, жасөспірімдер арасында Акжан Муратова техникалық соло категориясында алтыннан алқа тағынса, Акжан еркін соло категориясында күміс жүлдегер атанды.

ҚОЛКҮРЕС

# ШӘКІРТІМЕН БАРДЫ. АЛТЫН, КҮМІС АЛДЫ

**7-14 маусым аралығында Қырғызстанда Ыстықкөлде қол күресінен кезекті Азия чемпионаты өтті.**






Жалпы бұл жиырма төртінші рет өткізіліп отырған сары құрылық додасына жиырмаға жуық мемлекеттің қол күресі шеберлері қатысып, чемпиондық атақты сарапқа салды. Бұл байрақты бәсекеде даңқты жерлесіміз, атағынан ат үркетін ардагер спортшы Әбдуәли Тастанов ел намысын абыроймен қорғады. Жарыс ережесі бойынша 60 жастан асқан ардагерлер бәрі бірдей абсолютті салмақ дәрежесінде күш сынасты. Осылайша, өзінің жеке салмағы 80 келі бола тұра Әбекең өзінен анағұрлым ауыр салмақтағы алыптармен сескенбей айқасқа түсіп, оң қолымен де, сол қолымен де күресуде тек ақтық кездесуде ғана салмағы 100 келіден асатын және жасы Әбекеңнен 8 жас кіші қырғыз палуанына ғана жол берді. Сөйтіп, қос күміс медальмен марапатталды.

Алайда, жерлестеріміз алтын медальсіз қайтқан жоқ. Асқар Сәрсеков 40 жаспен 50 жас аралығындағы палуандар арасында 70 келі салмақ дәрежесі бойынша қарсылас шақ келтірмей, оң қолымен де, сол қолымен де күресуде Азия чемпионы атанды. Қос жерлесіміз де күз мезгілінде Үндістанда өтетін әлем чемпионатына қатысу жолдамасына ие болды.

Сөйтіп, Әбдуәли Тастанов бұл жолы шәкіртін қоса ертіп барып, екеуі алтын, күміс медальдар алып қайтты.

**Ш.БАТОВ**

БІЛІП ЖҮРЕЙІК

# ҰЙҚЫҢЫЗ ҚАНЫҚ БОЛУ ҮШІН 5 ЕРЕЖЕНІ ҰСТАНЫҢЫЗ

***Ұйқысыз түннің кімге де болсын рахат таптырмасы анық. Адамдар басы жастыққа тие салысымен тәтті ұйқыға беріліп кетуі тиіс сияқты болып көрінгенімен де, көбімізді анда-санда ұйқысыздық мазалайтыны бар.***



Ұйқыдағы уақыттың адамның тәні мен ақыл-ой саулығына тигізер ықпалы тамақ, қарым-қатынас, серуендеулерге қарағанда анағұрлым маңызды екені ғылыми тұрғыда дәлелденгеннен кейін, ұйқының қашуы кімді де болсын алаңдатпай қоймайды. Ғалымдардың айтуы бойынша, ұйқы қанбауының салдарынан адам түрлі ауыруларға шалдығуы мүмкін екен. Жүрек ауыруынан басталатын аурулар қатары қант диабетімен аяқталады.

Адам ұйқыға берілуге қанша тырысса да, кейде ол еш нәтиже бермей жатады. Діттеген ойымызға жетуге көмегі бар делінетін түрлі амал-тәсілдердің де әлі күнге дейін ойлап табылып жатқандығы сондықтан да болар. Десе де олардың қайсысы нәтижелі, қайсысы нәтижесіз?

1. Кешкілік уақытта құрамында кофеині бар сусын ішпеңіз.

Кофеиннен аулақ болу біз жиі естіп жататын кеңес болса да, оған құлақ асу артық етпейді. Бұрынырақта кофеиннен мүлде шектелу жайлы көп айтылса, бүгін де шектеу қоюдың қажеті шамалы дейтін зерттеу нәтижелері бар. Егер күндіз кофе ішкен болсаңыз, түнгі 11-ге дейін кофеиннің көп мөлшері ағзаңыздан шығарылады екен. Ұйқыдан алты сағат бұрын шай немесе кофе ішуге болмайды делінгенімен, басқа уақыттарда кофеиннен бас тартудың мәні барына ғалымдардың нақты дәлелі жоқ. Сонымен қатар кофеин әр адамға түрлі әсер етеді: генетикалық ерекшелігіне қарай, кей адамдарға кофеиннің әсері аз. Сондықтан ағзаңыздың жауабына құлақ қойыңыз.

2. Ұйқы күнделігін жүргізіңіз.

Ұйқыңыздың дұрысталып, тәтті ұйқыға бату үшін, ішімдік мөлшерін азайтып, үнемі физикалық жаттығулармен айналысып, күндіз ұйықтаудан бас тартып, ұйқы тәртібін сақтау керек. Ұйықтардан бірнеше сағат бұрын жағымсыз және күрделі тапсырмаларға бас қатырудың қажетсіздігі айдан анық. Кейбір мамандар ұйқы күнделігін жүргізіп, ұйқыға жатар алдында немен шұғылданғаныңызды жазып отыру қажет дейді. Күнделік арқылы ұйқыңызға кедергі болатын зиянды әдеттерді анықтап, олардан қашықтауға тырысасыз.

3. Көмескі жарықты электронды кітапты кейінге қалдырыңыз.

Кейде кітап оқу ұйқымызды келтіріп жатады. Қағаз кітаптың орны басқа, ал бірінен-соң бірі қаулап шығып жатқан кітапты алмастыратын жаңа технологиялардың зияны да жоқ емес. Көптеген электронды кітаптардың көмескі жарығы бар. Жарықтың салдарынан миымыз әлі де күн батпаған деп қабылдайды. Таяу уақытта жүргізілген зерттеу жұмысы ұйықтар алдында мұндай құрылғылардың көмегімен кітап оқу ағзадағы мелотониннің (тәуліктік ырғақты бақылайтын гормон) мөлшерін азайтып, ұйықтауды қиындататынын дәлелдеген. Зерттеу нәтижесі планшет, компьютер, смартфондарға да қатысты. Осы себепті жатын бөлмеңізден кәдімгі кітаптардың ғана орын алғаны дұрыс.

4. «Маужырататын кешкі ас» ішіңіз.

Халық даналығы бойынша, ірімшік пен шоколадтың салдарынан түнде жайсыз ұйықтайды екенсіз-мыс. Әрине, оның еш ғылыми дәлелі жоқ. Десе де емдәмнің ұйқыға берілу жылдамдығы мен ұйқы сапасына тигізер әсері бар екені шүбәсіз. Егер ұйқыдан 1 сағат бұрын көмірсу мен ақуызға бай, майлылығы төмен тағамдар жесеңіз, ол ұйқыңызды ұзартып, қатты ұйқыға батуыңызға сеп болады. Оған қоса құрамында триптофан, мелотонині бар тағамдар ағзамыздағы тәуліктік ырғақты реттеп, миымызды тыныш ұйқыға дайындайды. Аталған элементтердің қажетті мөлшерін 300 грамм күркетауық еті, 200 грамм асқабақ дәні немесе шие шырынының бір стақанынан ала алады екенбіз. Дегенмен бұл пікір де ғылыми дәлелденбеген.

5. Ұйқы уақытындағы қалыбыңызды өзгертіңіз немесе диджеридуда ойнаңыз.

Ұйқысыздық дем тоқтау синдромының салдарынан болуы ықтимал. Аталған синдромды қорылдаумен байланыстырады. Көбіне дем тоқтауынан азап шегетін адамдар түн ортасында шырт ұйқыдан оянуларының себебі неде екенін біле бермейді. Дем тоқтау синдромының бірнеше себебі бар. Бірақ бұл қиындықты бір қырыңызда жатып ұйықтау арқылы оңай шешуге болады.

Қиындықтан құтылудың әдеттен тыс тәсілі – аустралиялық аборигендердің үрлемелі музыкалық аспабы диджеридуда ойнап үйрену. Ол тыныс алу жолдарындағы бұлшық етті нығайтады. British Medical Journal жүргізген зерттеу нәтижесінде, диджериду аспабында ойнап үйренген сыналушылардың түнде жақсы ұйықтап, аз оянғандары байқалған.

Өздеріңіз аңғарғандай, тәтті ұйқының қойнына ендіріп, ұйқысыздықтан жүз пайызға арылтатын тәсіл жоқ сияқты. Бірақ ұйқысыздықтың себебі болуы мүмкін жайларды ескеріп, олармен тәжірибе жасап көріңіз. Әйтеуір, оның жатып алып қой санағаннан анағұрлым тиімді екені анық.

**stan.kz сайтынан алынды**




Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Гүлшат БІЛІСБАЙҰЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 581
Индекс 15534